

**«Павлодар облысы білім беру басқармасының «Жас Дарын»
мамандандырылған мектеп-лицейі» КММ
2022-2023 оқу жылындағы
оқу жұмысының жылдық талдауы**

Ақпараттық анықтама

Атауы: **Оқу жұмысының жылдық талдауы**

Нақты мекенжайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі 125

Телефондары:

Мектеп директоры: 61-81-31

Қабылдау бөлмесі: 61-81-32

Әдістемелік: 61-81-33

E-mail: Gasdaryn@edu.mail.rz

Лицензиясы: _____

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік _____

Мектепте 5-11-ші сынып оқушыларын оқыту жүзеге асырылады. Оқыту тілі - қазақша.

Мектеп мына режиммен жұмыс істейді:

- 5-11 жалпы білім беру сыныптары – 5 күндік жұмыс аптасы;

Сабақтың басталуы:

- 1-ші ауысым – 08:15- ден бастап;

Сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

Бір күндік және апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалады.

Оқу жылының ұзақтығы 5-11-ші сыныптарда 36 аптаны құрайды.

Оқушылар контингенті

2022-2023 оқу жылының басында мектепте 391 оқушы оқыды. Оқу жылының соңында – 375, оның ішіндегі

- 5-9 сыныптар - 279 оқушы;

- 10-11 сыныптар – 96 оқушы;

2021-2022 оқу жылындағы жинақ сынып саны – 17.

Сыныптардың орташа толымдылығы:

- 5-9 сыныпта 24 оқушыдан;

- 10-11 сыныпта 19 оқушыдан;

3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы

Оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
Оқушылар контингенті	404	398	373

3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы

Оқу сатылары	2020-2021 оқу жылы			2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы		
	саны		орташа толым дылығы	саны		орташа толым дылығы	саны		орташа толым дылығы
	оқу- шы	сы- нып		оқу- шы	сы- нып		оқу- шы	сы- нып	
Негізгі мектеп	302	12	25	289	12	24	279	12	24
Орта мектеп	102	5	20	109	5	22	94	5	19

Мектеп бойынша барлығы	404	17	24	398	17	23	373	17	22
------------------------	-----	----	----	-----	----	----	-----	----	----

2022-2023 оқу жылында контингент 23 оқушыға кеміді. Себебі оқу жылының ішінде және жазғы демалыста кеткен оқушылар бар, орындарына оқушы алынбайды, 6-сыныптан кейін Назарбаев зияткерлік мектебіне көп оқушының түсуіне де байланысты.

Мектептің материалдық – техникалық базасы

- оқу кабинеттері – 21
- мультимедиялық кабинет – 1
- АӘЖТД кабинеті – 1
- медицина кабинеті – 1
- ем-шара кабинеті – 1
- асхана – 1
- кітапхана – 1
- спорт залы – 1
- спорттық алаң -0

Мектеп педагогикалық ұжымының кадрлық құрамы

Мектеп әкімшілігі жұмысының басты бағыттарының бірі – кадрлық құрамды нығайту. «Білім туралы» ҚР Заңына және мектеп Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжымды білім беру ұйымының басшысы құрады, қызметкерлерді қабылдау еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. ҚР ЕК-не сәйкес жұмысқа қабылданған барлық педагогпен еңбек шарттары жасалды.

Мектептің педагогикалық кадрының сандық құрамы сұранысқа қарай анықталады.

Педагогикалық кадрды талдау

Мектеп педагогтерінің саны 43 адамды құрайды, барлығының білімі жоғары.

Педагогтер біліктілігі:

№	«Педагог-шебер» біліктілік санаты	«Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты	«Педагог-сарапшы» біліктілік санаты	«Педагог-модератор» біліктілік санаты	«Педагог» біліктілік санаты
1	8 (18,6%)	18 (41,9%)	2 (4,6%)	7 (16,2%)	8 (18,6%)

Педагогикалық өтілі

№	3 жылға дейін	3-тен 15-жылға дейін	16-дан 25 жылға дейін	25 жылдан жоғары
1	8	13	4	18

Мұғалімдердің жас құрамы

№	30 жасқа дейін	31-дан 40 жасқа дейін	41-50 жасқа дейін	51-60 жасқа дейін	60-63 жас аралығында	Педагогикалық ұжымның орта жасы
1	12 (27,9%)	10 (23,2%)	8 (18,6%)	9 (20,9%)	4 (9,3%).	40-55

Жас және жаңадан келген педагогтерге әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін Жас педагог мектебі құрылды, директордың бұйрығымен тәлімгерлер тағайындалды.

Педагогикалық тәжірибені жалпылау, тарату және тереңдету үшін. Озық тәжірибе мектебі құрылды, онда мұғалімдер өз тәжірибелерімен жинақтарымен бөліседі.

Мұғалімдердің қайта даярлау курсынан өтуі

Оқу жылы	Қайта даярлау курсынан өтуі тиіс педагогикалық жұмыскерлердің жалпы саны (адам)	Қайта даярлау курсынан өтті	Қайта даярлау курсынан өтуі тиіс мұғалімдер
2020/2021	21	25	0
2021/2022	4	15	0
2022/2023	8	8	0

Қайта даярлау курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан мерзімдеріне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылады. Білім сапасы төмен мұғалімдерге курстық даярлық арқылы жоспардан тыс біліктілікті арттыру ұсынылады.

Әдістемелік жұмыстың тиімділігі

2022-2023 оқу жылында мектеп «**Білім беруді тұрақты дамыту жағдайында білім мазмұнын жаңарту процесін басқару**» ғылыми-әдістемелік мәселесі бойынша жұмыс істеді.

Ұжым алдына келесі міндеттер қойылды:

1. Білім беру процесінің сапасын және оның нәтижелілігін; мұғалімдердің педагогикалық шеберлік деңгейін, олардың оқытатын пән мен оны оқыту әдістемесі саласындағы эрудициясы мен құзыреттілігін үздіксіз жетілдіру.
2. Ғылыми-зерттеу және эксперименттік қызметті ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.
3. Мектептің инновациялық жобаларға, конкурстарға қатысуы.
4. Педагогикалық ұжымның қызметін бағалау критерийлері мен талдауын жетілдіру.
5. Мұғалімдер мен оқушыларды шығармашылық ізденіске белсенді қосу.
6. Педагогикалық ойлаудың заманауи стилін дамыту.
7. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің принциптері мен әдістемелік тәсілдерін жүзеге асыруда мұғалімдерге көмек көрсету.

Қойылған міндеттерді шешу үшін мектепте келесі жағдайлар жасалды:

- негізгі пәндер бойынша білімнің іргетасын қалауға, мектеп түлектерінің білімді табысты жалғастыруына мүмкіндік беретін мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес деңгейді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін оқу жоспары жасалды;
- мектептің әдістемелік қызметінің құрылымы құрылды және бекітілді;
- барлық ӘБ жалпымектептік жоспардан туындайтын нақты жұмыс жоспарлары болды;
- денсаулықты және салауатты өмір салтын сақтауды қамтамасыз ету бойынша жұмыс;
- кабинеттердің материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша жұмыстар.

Мектеп мұғалімдерінің ғылыми конференцияларға, семинарларға қатысуы

2022-2023 оқу жылында «Creative Live» үздіксіз білім беру жобасы бойынша мектепте физика-математика орталығы қызмет атқарды.

№	Іс-шара	Өткізу формасы	Мерзімі	Пән	Жауапты
1	"ЕҮОБ және ЕКОЕ қасиеттерін математикадан олимпиадалық есептер шығаруда қолдану"	шебер сынып	17.11.2022	математика	Текенов Арыстан Анатольевич
2	"Python-да программалаудың тиімді әдістері"	Семинар-практикум	24.11.2022	физика	Момынов Қуат Мырзатаевич
3	"Ньютон Биномы тақырыбындағы күрделі есептерді шешу"	Шебер сынып	22.12.2022	математика	Гульдана Омарханқызы
4	"Excel-дің функцияларын модельдер құру арқылы тиімді оқыту"	Семинар-сұхбат	28.12.2022	информатика	Шайхимов Айдар Аблаевич
5	"Ғаламтор желісін математика сабақтарында қолдану"	Семинар-практикум	13.01.2023	математика	Жанабек Иран Қайратұлы
6	"Математикалық сауаттылық бойынша есептерді шығару тәсілдері" (ҰБТ-ға дайындық)	Семинар-практикум	15.02.2023	физика	Омарова Қымбат Ораловна
7	"Физика және астрономия" пәнін оқытуда астрономиялық есептерді шығару әдістемесі	Семинар-практикум	02.03.2023	математика	Смагулова Сания Сериковна
8	"Инновациялық технология қолдану арқылы математика пәнін оқыту"	Семинар-практикум	14.03.2023	информатика	Смагулова Сания Сериковна, Семёнова Диана Болатовна
9	Дәрісбаян: "Информатика сыни ойлауды дамыту үшін қолданылатын онлайн платформалар"	Дәрісбаян	31.03.2023	математика	Бекжан Нурбала Ғалымжанқызы

10	"Математикадан контексті есептерді шығару"	Семинар-практикум	28.04.2023	физика	Кожагельдинова Гульназы Нигметовна
11	"Ықтималдықтар теориясы бойынша есептерді шығару"	Семинар-практикум	15.05.2023	математика	Ашхалова Данира Каскирбековна
12	"Цифрлық білім беру - заманауи оқытудың кілті"	Семинар-практикум	24.05.2023	информатика	Базарбай Төлеш Төлегенқызы

Жоспарға сай физика-математика, информатика пән мұғалімдері облыс мұғалімдеріне семинарлар өткізді.

Павлодар облысы білім беру басқармасының 2019 жылғы 11 қыркүйектегі «Өзара іс-қимыл және кәсіби қолдау туралы» №2-02/409 бұйрығының және 2021 жылғы 28 қаңтардағы №2-02/56 бұйрығының негізінде «Павлодар облысы білім беру басқармасының «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі Тереңкөл, Павлодар аудандарының қазақ мектептерімен және Павлодар облысы білім беру басқармасының 2022 жылғы 9 ақпанындағы №15-10-5-1-369 хатына сәйкес Баянауыл ауданының («М.Әуезов атындағы», «Шадыра», «Қ.Кемеңгеров атындағы», «С.Торайғыров атындағы», «Б.Хайдаров атындағы», «Сұлужон» жалпы орта білім беру мектептері, «Қ.Сәтбаев атындағы» мектеп-балабақша оқу- тәрбие кешенімен «Өзара әрекеттестік және кәсіби қолдау – заманауи білім беру жолдарының тиімді түрлерінің бірі» жобасы аясында 2022-2023 оқу жылында жұмысын жалғастырды.

Тұрақты жұмыс істейтін семинардың мақсаты мен негізгі міндеттері ШЖБТ мақсаты-мектептердің білім беру практикасының өзекті проблемаларын шешудің оңтайлы жолдары мен тетіктерін айқындау, білім беруді реформалаудың өзекті мәселелері бойынша арнайы ұйымдастырылған талқылау, тәжірибе алмасу процесінде одан әрі қызмет бағыттарын қалыптастыру.

Жоспар бойынша «Lesson Study – шығармашылық педагогиканы жүзеге асырудың шарты» <https://t.me/+yLY79q1GgCUyNWJi> Telegram арнасына Lesson Study зерттеулері бойынша ой талқы, «Оқу - тәрбие процесін тиімді басқару» семинарлар, «Оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету» әдістемелік сағаттар, пәндер бойынша ҰБТ-ға дайындық, пікір сайыс клубының жұмысы нақты уақытымен берілген. Жоспар төңірегінде айына екі семинардан өткізіліп, пәндер бойынша ҰБТ-ға дайындық, пікір сайыс клубының жұмысы апта сайын әр жұма күні сағат 15.00-де жүргізіледі. Пәндер бойынша ынтымақтстық желілер құрылған. Аудан педагогтері кез келген уақытта хабарласа алды.

Қыркүйек айында Павлодар аудандық білім бөлімі кері байланыс жасап, «Жас Дарын» мектеп-лицейінің жас мамандарына Мичурин жалпы орта білім беру мектебінің негізінде «Мұғалімнің инновациялық қызметі – сапалы білім кепілі» атты педагогикалық форум өткізді. Форум нәтижесінде мектеп –лицейдің жас мамандары сөз алып, Молдасапар Шыңғыс сабақтарында Тик-ток арқылы оқушылардың қызығушылықтарын арттыру жолдарын көрсетсе, Жұмали Мизан сахнада форум қатысушыларына қолма-қол арнау шығарды.

Қараша айында мектеп –лицей басшысының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары Ж.К.Альменова «Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі» тақырыбында директор орынбасарларымен семинар өткізіп, өз құжаттарымен бөлісті. Ағылшын тілі мұғалімі А.К.Казангапов «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін ағылшын тілі сабағында аудиовизуалды оқыту құралдарын пайдалану» шебер сыныбын өткізді. Павлодар ауданы білім бөлімінің сұрауы бойынша пән мұғалімдеріне және түлектерге оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылықтан оффлайн консультация және қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері Аханбаева С.Е. мен

Кабылова А.М. «Қазақ тілі пәні бойынша тілдік дағдыларды оқытудың ерекшеліктері» атты семинарына қатысып, тәжірибелерімен бөлісті <https://www.instagram.com/p/CIYZ9enNxsU/?igshid=MDJmNzVkMjY=>.

«Мен тәлімгермін» тақырыбында Workshop- ты биылғы оқу жылында жас маманға тәлімгер болып тағайындалған математика пәнінің мұғалімі К.О.Омарова өткізіп, жас мамандармен жұмыс жасау ретін, құжаттармен жұмыс жүргізуді, жас маманға қандай көмек көрсету керек екенін айтып, таныстырылым жасады.

Желтоқсан айында «Көптілділік - бүгінгі күн талабы: биологияны ағылшын тілінде меңгерту» тақырыбы бойынша семинар өтті.

«Оқушыларды математикалық сауаттылыққа дайындаудың жолдары» атты семинарды математика пәнінің мұғалімі, педагог-шебер Г.Н.Кожгаельдинова 13 қаңтарда өткізді.

2023 жылғы 17 қаңтарда мектеп-лицейдің ғылыми жетекшісі А.М.Утилова «Авторлық бағдарламалар және әдістемелік құралдарды жобалау, жазу» тақырыбында семинар-сұхбат өткізді. Семинарға 80-нен астам педагог қатысып, толғандырған сұрақтарының жауабын алды.

8 ақпанда «Жас Дарын» мектеп-лицейінде «Бүгінгі жас маман - ертеңгі шебер ұстаз» атты облыстық жас мамандардың практикалық семинары өткізілді. Семинарға Тереңкөл, Павлодар, Баянауыл аудандарының жас мамандары қатысып, лицейдің жас мамандары – математика мұғалімдері И.К.Жанабек, Г.О.Кабыш, биология пәнінің мұғалімі Ш.М.Молдасапар, музыка пәнінің мұғалімі М.Жумали ашық сабақтар көрсетті. Семинар барысында математика пәнінің мұғалімі, ПШО тренері Д.К. Ахшалава «Сабақты зерттеу – мұғалімнің уәжін арттыру құралы» тақырыбында Lesson Study бойынша мектеп тәжірибесін таратса, «Өрлеу БАОО» АҚ филиалы Павлодар облысы бойынша БАИ тренері А.Ж.Несипбаева «Action Research - мұғалімнің кәсіби тәжірибесін зерттеу және жетілтіру нысаны ретінде» әдістемелік сағатын өткізді. Математика мұғалімі, тәлімгер К.О. Омарова «Жас маманның жеке даму маршруты» питч-сессиясын жас педагогтардың назарына ұсынды.

Шараның қонақтары - «Өрлеу БАОО» АҚ филиалы Павлодар облысы бойынша жас мамандар кафедрасының меңгерушісі А.Ж.Ахметниязова, Павлодар облысының ББДИО әдіскері Р.Т.Сулейман, Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің маманы Ж.К. Муликова TEDx форматындағы сұхбатта жас мамандарды толғандырған сұрақтарға жауап берді. Республикалық пікірсайыс ойындарының жеңімпазы Ш.М.Молдасапар пікірсайыс ойындарының негізгі ережелері бойынша тренинг өткізіп, шараның соңында волейболдан достық кездесу өткізілді. Сайыс қорытындысы бойынша I орынды - Баянауыл ауданының командасы, II орынды -Тереңкөл ауданының командасы, III орынды - Павлодар ауданының командасы иеленді.

Практикалық семинарға қатысқан жас мамандар кері байланыс беріп, ұйымдастырушыларға Алғыс білдірді.

Семинарды ұйымдастырған мектеп-лицей басшысының оқу ісі бойынша орынбасары Ж.К.Альменова.

Мектепшілік олимпиада қозғалысының жұмысын ұйымдастыру мақсатында (жаратылыстану-математикалық цикл) математика пәнінің мұғалімі Кабыш Г.О. және физика пәнінің мұғалімі Шайхимова А.М. «Оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындау жүйесі» тақырыбында практикалық семинар өткізді.

Білім алушыларды технологиялардың мүмкіндіктерін қолдануға машықтандыру үшін «Цифрлық және IT технологиялардың мүмкіндіктерін қолдану» атты семинар – практикұмды информатика пәнінің мұғалімі Н.Ғ.Бекжан өткізді.

2023 жылы 10 наурыз күні «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі облыстың жас басшыларына және басшы орынбасарларына «Заманауи мектепті стратегиялық басқару» тақырыбынада панельдік сессия, интенсив-семинарлар өткізді. Лицей басшысы Г.С.Жанғазының «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейінде

бизнес - процестерді басқару» питчингінен кейін «Заманауи мектепті басқару: команда қандай болуы керек?»

панельдік сессия өткізілді. Сессия спикерлері: Сарбасов Н. С., НЗМ ПШО басшысы; Ашимбетова Р. Д., «Өрлеу» АҚ басшысы; Сулейман Р.Т., ББДИО әдіскері, Жанғазы Г.С., «Жас Дарын» мектеп-лицейінің басшысы. Панельдік сессиядан кейін қатысушыларға мәселеге бағытталған 4 интенсив-семинарлар ұсынылды: «Білім беру ұйымының қызметін өзін-өзі бағалау алгоритмі» спикерлер - Жанғазы Г.С. мектеп-лицейінің басшысы, Альменова Ж. К., мектеп-лицей басшысының орынбасары; «Педагогикалық эссе: оны қалай дұрыс жазу керек?» өткізген қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері Сырттанова А. Т., педагог-шебер, Аханбаева С. Е., педагог-зерттеуші. «Команда ішіндегі тиімді жоспарлау» спикерлер- Утилова А. М., п. ғ. к., Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің педагогика жоғары мектебінің оқытушы-зерттеушісі; -Шаймерденова А. Т., лицей басшысының орынбасары.; «Action Research-мұғалімнің кәсіби тәжірибесін зерделеу және жетілдіру нысаны ретінде» өткізген - Несіпбаева А. Ж., «Өрлеу» АҚ әдіскері. Сессия соңында ұжымдық рефлексия өткізілді. Ұйымдастырушы – басшының ғылыми-әдістеме жөніндегі орынбасары Шаймерденова А.Т.

Сәуір айында басшының дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары Г.М.Қалымның ұйымдастыруымен «Өзара әрекеттестік және кәсәби қолдау –заманауи білім беру жолдарының тиімді түрлерінің бірі» жобасы аясында 2023 жылдың 29 сәуір күні мектеп-лицей негізінде 7-10- сынып оқушыларына арналған Павлодар қаласының Торайғыров университеті, Ә.Марғұлан атындағы университеті ғалымдарымен жалпы білім беретін пәндер бойынша «Бірлескен оқу күні» өткізілді. Юұл шараның негізгі мақсаты – дарынды балаларды қолдау және олардың оңтайлы дамуы үшін жағдай жасау, сондай-ақ оқушылардың қабылеттерін шыңдауда сапалы дайындық түрлерін көрсету. Оқушылар ағылшын тілі, математика, биология, тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі, физика, химия пәндерінен олимпиада тапсырмаларын шешіп, алдағы зияткерлік сайыстарға және олимпиадаларға бағыт берілді. Тереңкөл, Павлодар, Баянауыл аудандарынан жалпы 60 ушы дәріс алды.

Сонымен қатар жыл соңындағы семинарлар да өз жалғасын тапты. «Орыс тілі сабақтарында оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерімен орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі А.Е.Бегежанова бөлісті. Тақырыбы: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қазақ мектебіндегі орыс тілі сабақтарында оқу дағдыларын қалыптастыру».

2023 жылғы 24 мамырда география пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші С.Е.Баянова «Географиядағы есептер мен графикалық сызбалармен жұмыс» тақырыбында семинар-практикум өткізді. Семинар барысында оқушылармен географиялық есептерді шығару жолдарын түсіндірді, Excel бағдарламасында климатограмма мен жас-жыныстық пирамида құру тәсілдерімен бөлісті.

2023 жылғы 19 мамырда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-шебер А.Т.Сырттанова «Оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындау жүйесі» тақырыбында семинар-практикум өткізді. Семинар барысында оқушыларды олимпиадаға дайындау кезінде нені ескеру керектігі, қандай әдіс-тәсілдер қолдану қажеттілігі айтылды. Эссе жазудың негізгі белгілері мен ерекшеліктеріне тоқталып, тәжірибесімен бөлісті.

Оқу жылының басында бекітілген жоспар толық жүзеге асты, тек қана тарих пәні бойынша жоспарланған семинар мұғалімнің денсаулығына байланысты өткізілмеді.

Тереңкөл, Павлодар, Баянауыл мектептерінің мұғалімдеріне өткізілген семинарлар

Кесте - 1

№	Күні	Тақырыбы	Өткізген ұстаз	Тіркелген саны	Қатысқан саны	Аудандар		
						Павлодар	Тереңкөл	Баян-ауыл
1	25.11.22	Семинар: "Жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақты жоспарлау"	Альменова Жулдыз Кантаевна	4	22	3	0	1
2	14.12.22	Семинар: "Көптілділік - бүгінгі күн талабы: биологияны ағылшын тілінде меңгеру"	Қисап Айдана Серікқызы	7	21	3	1	3
3	12.01.23	Workshop: "Мен тәлімгермін"	Омарова Қымбат Ораловна	18	35	3	5	10
4	13.01.23	Семинар: "Оқушыларды математикалық сауаттылыққа дауындаудың жолдары"	Кожгельдинова Гульназы Нигметовна	24	40	12	0	12
5	15.02.23	Семинар: "Цифрлық және IT технологиялардың мүмкіндіктерін қолдану"	Бекжан Нұрбала Ғалымжанқызы	4	5	1	0	3
6	16.02.23	Тренинг "Білім беруді басқару бойынша көшбасшылық"	Асаинова Жулдуз Сериковна	1	11	0	0	1
7	23.02.23	«Оқушыларды пәндік олимпиадаға дайындау жүйесі»	Шайхимова Айым Муратовна	3	12	1	0	2
8	27.02.23	«Оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындау жүйесі» (жаратылыстану-математикалық цикл)	Қабыш Гульдана Омарханқызы		34			
9	07.04.23	Семинар: "Приемы смыслового чтения как средство формирования функциональной грамотности"	Бегежанова Акмарал Еркинжасова	2	4	1	0	1
10	19.05.23	«Оқушыларды пәндік олимпиадаларға дайындау жүйесі»	Сырттанова Айнаш Токтархановна	7	11	3	1	3
11	24.05.23	Семинар-практикум: "Географиядағы есептер мен графикалық мәліметтер"	Баянова Самал Еркиновна		5			
Барлығы:				70	200	27	7	36

Бірінші кестеде көрсетілгендей семинарларға қатысушылар саны аз. Үш жылғы қатысушылар санын салыстыратын болсақ, көрсеткіш едәуір төмен. 2020-2021 оқу жылында семинарлар қаңтар айынан басталды.

р/с	Оқу жылы	семинарлар	Қатысқандар	Тіркелгендер
1	2020-2021	8	182	
2	2021-2022	16	332	311
3	2022-2023	11	200	70

Аудан оқушыларымен аптасына бір рет дебат қозғалысы бойынша оқытушылармен және оқушылармен оқыту сабақтары өткізілді. Аудан мұғалімдерінің сұранысы бойынша дебет қозғалысының жетекшісі Молдасапар Ш.М. байланысқа шығып, консультация берді.

Өткізілген іс-шаралар толықтай әлеуметтік желілерде жарияланған.

Оқушыларды ҰБТ-ге тиімді дайындау мақсатында «Жас Дарын» мектеп-лицейі мұғалімдерінің негізгі пәндер және таңдау пәндері бойынша консультация кестесі құрылды. Дайындық төмендегі кесте бойынша бекітілген уақытта өткізілді.

пән	мұғалім	күні	уақыты
Оқу сауаттылығы	Кабылова Айсулу Мажитовна	бейсенбі	15.00
Математикалық сауаттылық	Омарова Қымбат Ораловна	дүйсенбі	15.00
Қазақстан тарихы	Какабаева Айнаш Манатаевна	сәрсенбі	17.00
қазақ тілі	Сырттанова Айнаш Тохтархановна	жұма	16.00
математика	Кабыш Гульдана Омарханқызы	сейсенбі	13.50
география	Баянова Самал Еркиновна	дүйсенбі	15.00
информатика	Бекжан Нұрбала Ғалымжанқызы	сейсенбі	17.00
физика	Шайхимова Айым Муратовна	бейсенбі	13.50
химия	Абдрахманова Фарида Есимхановна	бейсенбі	16.00
ағылшын тілі	Жумагулова Динара Хаирбековна	бейсенбі	17.00
биология	Қисап Айна Сериковна	бейсенбі	16.00

ҰБТ дайындықтарына пән мұғалімдері онлайн сабақтарға мерзімімен шыққанымен, оқушылардың қатысу деңгейі орташа. Оқушылардың тізімі сабақтарға қатысу тізімімен сәйкес келмейді. Мұғалім өзінің уақытын оқушыларды тосумен өткізеді.

Меморандум негізіндегі өзара ынтымақтастық жоспар бойынша «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі тарапынан жұмыс толық орындалады. Сонымен қатар, өткізілетін іс-шараларға аталмыш аудандардың мұғалімдері мен оқушыларының қатысуы төмен деңгейде. Аудандардың педагогтері мен оқушыларының белсенділігіне қарағанда атқарылып жатқан тиімді іс-әрекеттердің қаншалықты қажеттілігі бар деген сұрақ туындайды. Уақытылы кері байланыс та жасалмайды. Меморандум екі жақты болғанымен, тек бір жақты, «Жас Дарын» мектеп-лицейі тарапынан ғана жұмыс істейді. Мұғалімдер сабақтарға дайындалып, сабақ өткізуге уақыттарын жұмсайды. Осы жұмыс үшін ешқандай төлемақы жүргізілмейді. Аудандық білім бөлімдері әлеуметтік желілеріде атқарылған істер жөнінде хабардар ету керек болатын. Бұл «Жас Дарын» мұғалімдерін алдағы жұмыстарға ынталандырады. Бірақ, бұл да жүзеге аспады. Өткізілген семинар, вебинар, шебер сыныптарда тіркеу жүргізіледі. Аудандық педагогтер зум конференцияға тіркелмейді. Сол себепті қай ауданнан қанша педагог қатысқанын нақты айта алмаймыз. Себебі, тіркеуден өтпеген. Зум конференцияның басында тіркеуден өтіңіздер деп айтылады, конференция барысында чатқа жазылады. Алайда аудан педагогтері мұны елеусіз қалдырады.

Шешім:

1. Меморандум талаптарын аудандар тарапынан орындау.
2. Аудандық ББ бөлімдерімен хабарласып, меморандум негізіндегі жұмыстың тиімділігі жөнінде кері байланыс беруді ұсыну.

2022/2023 оқу жылы мұғалімдердің конкурстарға, олимпиадаларға, іс-шараларға қатысуына мониторинг жүргізу

№	Конкурс атауы	Педагогтің Т.А.Ә.	Конкурс/олимпиада деңгейі		
			Облыстық	Респуб- ликалық	Халықа-р алық
1	«Жыл мұғалімі - 2023»	Баянова Самал Еркиновна	1		
2	Президенттік тестілеу, оқ ату. Алматы	Ескендинова Майса Тусуповна		1	
3	Өңіраралық педагогикалық оқулар. Өскемен	Аханбаева Сандигуль Ермуратовна		Алғыс хат	
4	Шаңғы жарысы бойынша Павлодар қаласының ашық біріншілігі	Ескендинова Майса Тусуповна	1		
5	«Математикалық регата -2023». Ақтөбе	Қабыш Гульдана Омарханқызы	2	Құрмет грамматас ы	
6	«Ай астындағы жарыс» шаңғы жарысы. Ақсу	Ескендинова Майса Тусуповна	1		
7	Әуесқойлар мен ардагерлер арасындағы шаңғы жарысы. Астана	Ескендинова Майса Тусуповна		1	
8	Республикалық пікірталас турнирі. Қостанай	Молдасапар Шыңғыс Мықтыбайұлы		Бас жүлде	
9	Шаңғы жарысы бойынша Щучинск қаласында өткен ҚР ашық чемпионаты	Ескендинова Майса Тусуповна		1	
10	«Дарынды балаларға – талантты ұстаз - 2023»	Молдасапар Шыңғыс Мықтыбайұлы	1	2	
11	«Жаңа мектепке -жаңашыл ұстаз - 2023»	Молдасапар Шыңғыс Мықтыбайұлы	1		
12	Облыстық жас басшылар конкурсы	Жанғазы Гүлнар Садыққызы	2		
13	Жас ұстаз: «Табысқа апарар жол» облыстық форум	Молдасапар Шыңғыс Мықтыбайұлы	спикер		
14	Халықаралық конференция	Жанғазы Гүлнар Садыққызы			Спикер сертифика т
15	Халықаралық конференция	Шаймерденова Алия Турсуновна			Спикер сертифика т

1 6	Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдары басшылары арасында өткен ІІ облыстық ашық пікірсайыс турнирі	Молдасапар Шыңғыс Мықтыбайұлы	Төреші Алғыс хат		
1 7	«Үздік авторлық бағдарлама» конкурсы	Ескендірова Майса Тусуповна	2		
1 8	Халықаралық психологтар форумы	Асаинова Жұлдыз Сериковна			сертификат
1 9	Астана-кітап. «Химия электрондық оқулық», «Химия қостілді оқулық» электронды басылымдарының сарапшысы	Абдрахманова Фарида Есимхановна		Алғыс хат	
2 0	Мұғалімдер арасындағы 52-спартакиада	Ескендірова Майса Тусуповна	1		
2 1	Қысқы триатлон жарысы. Астана	Ескендірова Майса Тусуповна		1	
2 2	Жабық кешенде жеңіл атлетикадан қазақстан Республикасының чемпионаты. Астана	Ескендірова Майса Тусуповна		1	
2 3	Дуатлон бойынша Павлодар облысының чемпионаты	Ескендірова Майса Тусуповна	1		
2 4	Педагогикалық идеялар панорамасы	Қабыш Гүльдана Омарханқызы	3		
2 5	Елбасы медалы	Жанабек Иран Қайратұлы		Алтын медаль	

Жақсы жақтары:

1.Педагог қызметкерлердің конкурстарға, олимпиадаларға, іс - шараларға қатысуы жақсы деңгейде. Дегенмен нақты пәндер:

Әлсіз жақтары:

Педагогтердің жоғары білім деңгейіне қарамастан, мұғалімдердің авторлық бағдарламалары облыстық сараптамалық кеңестен өтпейді. Сонымен қатар оқушылардың олимпиадаларға, зияткерлік конкурстарға, ғылыми жобаларға қатысуға сапалы дайындығын талап ететін әдістемелік жұмыстың төмен нәтижелілігі байқалады.

Оқу процесінің тиімділігін арттыру үшін «Lesson Study» бағдарламасын қолдану заманауи мұғалімнің тәжірибесін жетілдірудің тиімді құралы ретінде жыл көлемінде тақырыптық курс өткізілді. Мұғалімдер өз тәжірибелерінде, сабақтарында өзгеріс барын байқаған. Ағылшын тілі, орыс тілі мұғалімдері өз зерттеулері бойынша республикалық «Педагогикалық альманах» журналына мақалаларын жариялады. Дегенмен педагогтердің дені курстан алған білімдерін іс жүзінде қолдана алмады.

«Lesson Study» тәсілі - әлемдік білім беру кеңістігінде сапалы білім беруде үздік деп танылған жапондық тәсіл. «Lesson Study» сыныпты, әдіс-тәсілдерді зерттеу нысандарының бірі балғандықтан педагогтерге өзтәжірибесінде пайдалану ұсынылады.

Жалпы зерттеуді жүргізу барысын келесі кезеңдерде қарастыруға болады.

1. Ұйымдастырушылық
2. Жоспарлау
3. Сабақты зерттеу
4. Қорытындылау, тәжірибемен бөлісу.

Мәселе: «Жас дарын» мектебінің педагогтері облыс, республика көлемінде өткізіліп жатқан конкурстарға, олимпиадаларға, іс – шараларға белсенді қатысады. Әр сайыста жүлделі орындарға ие болып, жеңімпаз атанады. Дегенмен ұстаздардың білім дәрежесі, қабілеті мен еңбегінің нәтижесі конкурстар, олимпиадалар және педагогика саласындағы әртүрлі деңгейдегі сайыстарға қатысып, иеленген марапатына қарай бағаланатындығына байласты қатысушы ұстаздар қатары аз.

Шешім: пән мұғалімдерінің білімін арттыру тақырыптары аясында әдістемелік бірлестік ішінде ынтымақтастықта жұмыс жүргізіп, бірін-бірі сүйемелдеу;

1. Тиімді әдіс –тәсілдерді зерделеп, өз тәжірибесінде қолдану;
2. Шығармашылық бағытта жұмыс жүргізіп, педагогикалық шеберліктерін жетілдіру;
3. Әр пән мұғаліміне оқушылардың орташа білім сапасын 100% - ға дейін арттыру;
4. Әртүрлі деңгейдегі конкурстарға, олимпиадаларға, сайыстарға қатысу.

Жас мамандармен жұмыс

2022-2023 оқу жылында «Жас дарын» мектеп-лицейінде 4 жас маман жұмыс істеді:

Молдасапар Ш.М., биология пәнінің мұғалімі;

Жанабек И.К., математика пәнінің мұғалімі;

Кабыш Г.О., математика пәнінің мұғалімі;

Семенова Д.К., математика пәнінің мұғалімі.

Әр жас маманға тәлімгер тағайындалды:

Молдасапар Ш.М. - 2020-2021 оқу жылында жұмысқа қабылданды. Тәлімгері тарих пәнінің мұғалімі Какабаева А.М.

Жанабек И.К. - 2020-2021 оқу жылында жұмысқа қабылданды. Тәлімгері математика пәнінің мұғалімі Ахшалова Д.К.

Кабыш Г.О. - 2021-2021 оқу жылында жұмысқа қабылданды. Тәлімгері математика пәнінің мұғалімі Кожгаельдинова Г.Н.

Семенова Д.Б. - 2022-2023 оқу жылында жұмысқа қабылданды. Тәлімгері математика пәнінің мұғалімі Омарова К.О.

Жас маман мектебінің жұмысы «тәлімгер мұғалімнің жас маманмен жұмыс жоспарына» сәйкес жүргізілді және келесі қызмет бағыттары бойынша жүргізілді:

- мектеп құжаттарын жүргізу;
- оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру;
- жас мұғалімді әдістемелік сүйемелдеу;
- өздігінен білім алу бойынша жұмыс;
- жас маманның бейімделуінің психологиялық негіздері.

Жас маманмен жұмыс істеудің бірінші «бейімделу» кезеңінде мұғалімнің оқушылармен жұмыс істеу ерекшеліктерімен, мектептің ереже, жарғысымен таныстырылып, жалпы шолу жасалынды. Екінші кезекте құжаттармен жұмыс істеу бойынша жас маманға «Күнделік.кз» платформасына тіркеліп, сынып журналымен жұмыс жасаудың нұсқаулығымен таныстырылды. Әр жас маманға өз пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды, қысқа мерзімді сабақ жоспарларын құруға, оны «Күнделік.кз» платформасына жүктеуге бағыт-бағдар берілді.

Келесі «негізгі кезең» бойынша жас мамандар тәлімгерлердің сабақтарына қатысып, әдістемелік бағыттағы жұмыстарын жалғастырды. Сондай-ақ, тәлімгерлер де жас маманның сабақтарына кіріп, сабақты талдауға, критериалды бағалауды дұрыс ұйымдастыруға, жаңа инновациялық технологияларды өз сабақтарында тиімді пайдалана білуге үйрету, сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстары жоспарланып өткізілді. Жас маман өзін толғандырған мәселелермен бөлісіп, кеңес алып отырды. Жас маманмен сабақтардың барысына талдау жасалынып, сабақтарына өздігінен талдау жасай білуге үйренді.

ПМУ аға оқытушысы Утилова А.М., «Өрлеу» филиалының оқытушысы Несипбаева А.Ж., ПШО тренері Ахшалова Д.К. жыл бойы жас мамандарға шебер сағаттар, 1 күндік курс, семинарлар өткізді. 2023 жылдың ақпан айында Павлодар және Баянауыл аудандарының жас мамандарымен ынтымақтастық шеңберінде «Бүгінгі жас маман – ертеңгі шебер ұстаз» атты жас мамандар конференциясы өткізілді. Молдасапар Ш., Жанабек И.К., Кабыш Г.О. Lessjn Study зерттеулер элементтерімен ашық сабақтар көрсетті. Сонымен қатар «Action Research – мұғалімнің кәсіби тәжірибесін зерттеу және жетілдіру нысаны ретінде» әдістемелік сағат, TEDx форматында сұхбат өткізілді. TEDx форматында сұхбатқа «Өрлеу» филиалының басшысы Р.Д.Ашимбетова, ББДИО басшысы Б.Т.Аушахманова шақырылды, ұйымдастырушы жас маман Молдасапар Ш.М.

Жас мамандар жыл бойында біршама нәтижелерге қол жеткізді. Кабыш Г.О «Оқушыларды олимпиадаға дайындаудың тиімді жолдары» тақырыбы бойынша педагогикалық жоба дайындап, «Дарынды балаларға - талантты ұстаз» атты облыстық сайысқа қатысты. «Математикалық регата» сайысының облыстық кезеңінде 2-дәрежелі диплом, республикада Грамотаға ие болды. Сонымен қатар мұғалім облыстық семинарда өз тәжірибесімен бөлісті. Облыстық «Педагогикалық идеялар панорамасы» сайысында 3-орын алса, оқушыларының да нәтижелері бар: Смаилов Алихан Никитенко олимпиадасында 1 орын, 5-6 сыныптар аралығында өткен облыстық олимпиадасында 1-орын, Ғали Қамза 2-орын, Амангелді Мерей жасөспірімдер олимпиадасының Құрмет грамотасының иегері.

Жанабек И.К. Павлодар Педагогикалық Университетінде «Шахмат ойнап үйрену әдістемесі», «Қазіргі заманғы жаратылыстану-ғылыми білімнің мәселелері», NIS Nazarbayev Intellectual Schools семинарларына қатысып, «Жас ұстаз: табысқа апарар жол» аймақтық форумының қатысушысы.

«Қазақстан педагогика ғылымы жаңа буын зерттеуінде атты Республикалық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциясына баяндамашы ретінде қатысты.

Жанабек И.К. Елбасы Медальінің Алтын медаль иегері.

Кәсіби өзара әрекеттестік және қызметтестік аясында тәжірибесімен бөліскені үшін Павлодар облысы білім беру басқармасы білім беруді дамытудың инновациялық орталығының сертификаты иегері. Сонымен қатар, «Күрделі деңгейдегі есептердің шешу жолдары» тақырыбында облыс педагогтеріне тәжірибесімен бөлісті.

Молдасапар Ш.М. «Дарынды оқушыға – талантты ұстаз» конкурсының облыстық кезеңінде 1-орын, республикалық кезеңінде жүлделі 2-орынды иеленді. Сонымен қатар,

Молдасапар Ш.М. «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» конкурсына қатысып, облыстық кезеңде 1-орын алды.

Қорытындылай келе, жас мамандарға теориялық білімді жүзеге асыру, кәсіби, әдістемелік көмек, бағыт-бағдар беру жұмыстары жүзеге асырылды.

Келесі оқу жылына арналған тапсырмалар:

- әр түрлі деңгейдегі оқушылармен жеке жұмыс жасау мәселелерінде жас маманның құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс істеу;
- жұмысты оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда тиімді тәсілдер мен әдістерді зерттеуге және практикалық қолдануға бағыттау;
- назар аударатын жұмыс тақырыбы: өздігінен білім алу.

«Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңының орындалуы

Қыркүйек айында 2022-2023 оқу жылындағы «Тілдерді қолдану мен дамыту» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде өткізілетін іс-шаралардың жоспары бекітілді.

Мектеп құжаттары бір тілде жүргізу тәртібі сақталады: оқушылар мен педагогикалық ұжымның іс қағаздары, бұйрықтар, ақпараттық стенд материалдары, азаматтарды қабылдау, электрондық сынып журналдарын мемлекеттік тілде ресімдеу, мектепшілік шараларды мемлекеттік тілде жүргізу қолға алынған. Педагогикалық ұжымның барлық жиын-отырыстары да тек мемлекеттік тілде өтеді.

Тіл туралы Заңды іске асыру бағытында жоспар бойынша жұмыс атқарылуда.

Дәстүрлі түрде әр оқу жылының қыркүйек айында мектеп ұжымының ұйымдастыруымен оқушылар арасында Тілдер онкүндігінің шеңберінде бірталай шаралар өткізіледі. Бес ӘБ өз жоспарын құрастырып, жоспар бойынша жұмыстарын жүргізеді. Барлық шаралар бекіткен уақытта өтеді. ӘБ жетекшілері «Тілдер онкүндігі» бойынша материалдары мен ақпараттарын талдап, мезгілімен тапсырады. Әр ӘБ жеке атап кетсек, келесі жұмыстарды атқарды:

оқу жоспары бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша «Ағылшын тілі», «Эссе жазу» *факультативтік* арқылы оқыту мазмұны бастауыш сатымен сабақтас және болашақта оқушылардың бұл бағыттарда білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Оқу- тәрбие үрдісіндегі даралау, ізгілендіру, түрлендіру негізінде, оқушылардың қабілет мүмкіндігін терең ашу, жетілдіру мәселесіне үлкен көңіл бөлініп отыр.

Қазақ тілі пәні бойынша білім деңгейлері нөлдік, аралық, жылдық жазба жұмыстарын салыстыра отырғанда оқушылардың сауаттылығы, яғни білім деңгейлері біршама жетістіктерге жеткені анықталды. Оқушылардың білім сапасы – жоғары деңгейде 94%, ал оқу үлгерімдері мемлекеттік қалып бағдарламасын орындап, оптималдық (100%) деңгейге жетті. Жеткілікті жоғары деңгейге жеткен себебі -жазбаша жұмыстары жыл бойы жүйелі түрде өткізіліп, жазба жұмыстарында жіберілген қателерін психологиялық тұрғыдан іздестіріп, оның негізгі себептері анықталып, әр оқушы өзінің жіберген қателеріне талдау жасап отырды. Оқушыларға ұқсас ережелерді тиянақты меңгерту мақсатында салыстыру әдісімен эксперименттік сабақтар жүргізілді.

Сабақ барысында оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беріліп, қазақ тілі пәніне қызуғышылықтарын арттыру қосымша сабақтар арқылы жүзеге асырылды. Ата-аналармен кездесіп, үйде қадағалап отыруларына ұсыныс жасалды.

Ана тілі пәні бойынша оқушылардың білім сапасы – жеткілікті, оқу үлгерімі - оптималдық деңгейде. Әр бөлімнің соңында бақылау жұмысы алынып отырылды. Оқу жылының барысында оқушылардың оқу дағдылары, яғни дұрыс, түсініп, шапшаң,

мәнерлеп оқулары тексерілді. Оқушылардың нәтижелері мемлекеттік стандартының сұранысына сай.

Бағдарлы пәндерден оқушылардың тереңдете білім алуы үшін бейіндік атына сәйкес «Қолданбалы курстар» және «Жеке тұлғаны бағыттау компоненті» блоктарындағы көрсетілген оқу сағаттары «Француз тілі» үйірмелеріне, «Эссе жазу» факультативтік сабақтарына берілді. Көптілдік білім беру бағытындағы эксперимент биология, физика, химия, информатика факультатив курстары ағылшын тілінде оқытылады.

Мектепте 13 тіл маманы тілдердің оқытылуын жүзеге асыруда. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі -4, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі -4, француз-1, ағылшын тілі ұстазы -4. 13 мұғалімнің барлығы жоғары білімді. Соңғы жылдармен салыстырғанда, мұғалімдерінің сапалық құрамы төмендегідей болды: Қазақ тілі орыс тілі мұғалімдері барлығы да жоғары білімді. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту, ұжымдық оқыту, дидактикалық бірліктерді бекіту, ойын моделі, проблемалық оқытуды, кестелік оқытуды және белгілік модельмен жеделдетіп оқыту технологияларын іс-жүзіне асыруда.

Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру мақсатындағы өткізілген іс- шаралар:

Тілдер мерекесі аясында жүргізілген қазақ, орыс, ағылшын тілі мамандарының ұйымдастыруымен «Тіл мәртебесі - ел мәртебесі» атты онкүндік жоғары дәрежеде өтті.

«Тілдің-мерейі-елдің мерейі» демекші, 2022 жылдың 19-30 қыркүйек аралығында оқушыларды тіл күдіретін, қасиетін бағалауға тәрбиелеу мақсатында мектебімізде Тілдер мерекесі аясында «Тіл мәртебесі - ел мәртебесі» онкүндігі атап өтілді. Жоспары бойынша тіл мамандарының ұйымдастыруымен 11 іс шара жоғары дәрежеде өтті. Атап айтсақ, 19 қыркүйек «Ақ орда» мәжіліс залында 5-11-сыныптардың қатысуымен «Тіл мәртебесі - ел мәртебесі» онкүндігінің салтанатты ашылу рәсімі, 20 қыркүйек ағылшын тілі мамандары Даулбаева К.М., Казангапов А.К ұйымдастыруымен 9- «А», 9- «Ә» -сыныптары аралығында «Wheel of fortune» танымдық ойыны, 20 қыркүйек орыс тілі маманы Куставлетова А.Б. 5- «Б» сыныбымен «Знатоки русского языка» зияткерлік ойынын жүргізсе, 21 қыркүйек орыс тілі маманы Бегежанова А. Е. 5- «Ә» сыныбымен «Көңілді тапқырлар клубы» жүргізді. 21 қыркүйек директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Омарова Ә.У. және сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен 5-11-сыныптар аралығында «Тілдің-мерейі» сынып сағаттары, ағылшын тілі маманы Альназирова Д.К. 5- «А» сыныбымен «Enjoy» танымдық ойынын, «Бір ел – бір кітап» республикалық акция шеңберінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай мектебіміздің жас мамандары мен кітапханашысының ұйымдастыруымен 5-11-сыныптарға арналған кітап көрмесі өткізсе, қазақ тілі маманы Аханбаева С.Е. 10- «А», 10- «Ә» «Ахмет Байтұрсынұлы- тіл туының тұғыры» тақырыбында сайыс өткізді. Сондай-ақ, қазақ тілі мамандары Шаймерденова А.Т., Сырттанова А.Т. 6-«А» 6-«Б» сыныптарының құрама командалары аралығында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырды. Мектебіміздің ардагер ұстазы қазақ тілі маманы Әбдіжүсіпова Б.Х. 8-«А» сыныбымен М.Әуезовтің 125 жылдығына орай «М. Әуезов және Абай» әдеби кешін жүргізді. 30 қыркүйек тіл мамандарының ұйымдастыруымен мектебіміздің «Ақ орда» мәжіліс залында «Тіл мәртебесі - ел мәртебесі» онкүндігі салтанатты жабылу рәсімі аталып өтті. Жиында онкүндік шеңберінде ерекше белсенділік танытып атсалысқан оқушылар, жеңіс тұғырынан көрінген **27** сайыскерлер марапатқа ие болды.

Есебімді заман талабымен нық басқан , өркениетті елдермен тереземіз теңеліп отырған Қазақстанда жеті жұрттың тілін , ілімін білу қажет, дегенмен ана тілінің кәусар бұлағынан нәр алмаған, сусындамаған өнер де, білім де өміршең емес екенін ұмытпағаймыз абзал дегім келеді.

2022-2023 оқу жылында ЖМБ пәндерді ағылшын тілінде оқыту туралы

2022-2023 оқу жылында «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейінде информатика, физика, биология және химия пәндері ағылшын тілінде оқыту жалғастырылды. Оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонентінен сағаттар бөлінген. Информатика, биология, химия пәндері ішінара оқытылды, Физика пәні 8а және 11а сыныптарда ішінара, ал 9а сыныпта толық ағылшын тілінде оқытылды.

№	Ағылшын тілінде оқытылған пән	Сыныптар	Оқушы саны	Мұғалім
1	Биология	10ә, 11ә	36	Қисап А.С.
2	Информатика	7а, 7ә, 10а	74	Бекжан Н.Ғ.
3	Химия	8ә, 9ә	44	Абдрахманова Ф.Е.
4	Физика	8а, 9а, 11а	61	Шайхимова А.М.
Барлығы:			215 оқушы (58%)	

«Физика ағылшын тілінде кейс блогы арқылы есептер шығару». Пән мұғалімі Шайхимова А.М.

2018 жылы Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Университетің физика пәнін үш тілде беру құқығы бар дипломмен аяқтады.

2018-2019 оқу жылдарында «Физика» пәнінен үштілді енгізу басталды. Осы аталған оқу жылында 7-сыныпта физика сабағын үштілді кіріктіріп жүргізілді. 2019 жылдан бастап, инновациялық центр және «ҰСТАЗ» орталығымен бірлесе отырып, облыстық мектептерге «Физика ағылшын тілінде» теориялық және практикалық бөлімінің менторы боп, жұмысты атқарып келе жатыр.

2022 - 2023 о.ж. Павлодар ауданының білім беру ұйымының ұйымдастырумен: “Physics” пәні сабақтарында қолданылатын құрал-қосымшалар” - атты семинар-практикумдар өткізілген болатын. Мектеп шеңберінде “MathICTP” апталығы кезінде 9 сыныптарда - “Law of gravity”, 8 - “Heat transfer” - ашық сабақтар өткізілді. Сабақтарда «CLIL» технология элементтерінің көмегі зор. Осы оқу жылында 9 А, 11 А сыныптарында физика сабағын үштілді, ал 8 А сыныбында - жалғастырылған және кіріктірілген жүйе бойынша өткізілді. Ұйымдастыру кезеңінде ата-аналар мен білім алушылардан өтініш пен түсіндіру жұмысы жоғары деңгейде атқарылды.

Алғашқы білім беру траекториясын құру мақсатында, алынған тест қорытындысы орташа болып, сапа 80% құрады. Жылдың соңында сапа пайызы жоғары нәтиже көрсету үшін жұмыс жасалды.

Сабақтар Астана-кітап баспасы «Physics 8 - Grade», «Physics 9 - Grade», оқулықтары арқылы өткізіледі. Bilimland, smk.kz, ustaz.kz сайттарын қолданылды. Альтернативті оқулық ретінде Physics 8 – grade (Michael O’Callaghan, Pat Doyle) оқулығын қолданылады. Осы аталған сыныптардың жалпы білім беру стандартына негізделген, оқу бағдарламасы құрастырылған. Жалпы сағат саны: 36, 72. Бағдарламаға рецензия жазған: КЕАК "Торайғыров университеті" Computer Science факультетінің қауымдастырылған профессоры физ.-мат. ғылымдарының кандидаты - Досанов Талғат Сапарғалиевич.

Қорытындылай келе, туындаған мәселелердің шешу жолдары: қосымша тапсырмалар беру, тақырыпқа байланысты аудармаларды оқушылардың өздеріне жасату, қызығушылықты ояту үшін түрлі ойын әдіс-тәсілдерін қолдану.

«Basics of biology in English (Биология ағылшын тілінде)». Биология пәнінің мұғалімі: Қисап А.С.

2016 жылы Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Институтында биология пәнін үш тілде беру құқығы бар дипломмен аяқтады.

2017-2018 оқу жылдарында мектебімізде «Биология» пәнінен үштілді енгізу басталды. Осы аталған оқу жылында 9Г сыныбында биология сабағында үштілді кіріктіріп жүргізілді. Кейінгі оқу жылдарында биология пәнін үштілді оқыту жүйесі әртүрлі сыныптарды жүргізілді, себебі алдыңғы сыныптардың құрамы мен бағытының өзгеруіне байланысты.

2022 - 2023 о.ж. Палодар ауданының білім беру ұйымының ұйымдастырумен: “Көптілділік - бүгінгі күн талабы: биологияны ағылшын тілінде меңгерту” атты семинар өткізілді. Мектеп шеңберінде 10 сынып оқушыларымен онлайн түрде zoom платформасы арқылы облыс мұғалімдеріне ашық сабақ өткізілді. Сабақтарда «CLIL» технология элементтерінің көмегі зор. Оқушылар жаңа термин сөздерді есте сақтап, білмегенін қасында отырған топ мүшелерінен сұрап алды.

Осы оқу жылында 10 Ә, 11 Ә сыныптарында биология ағылшын тілінде сабағы кіріктірілген жүйе бойынша өткізілді. Ұйымдастыру кезеңінде ата-аналар мен білім алушылардан өтініш пен түсіндіру жұмысы жоғары деңгейде атқарылды.

Алғашқы білім беру траекториясын құру мақсатында, алынған тест қорытындысы орташа болып, сапа 80% құрады. Жылдың соңында сапа пайызы жоғары нәтиже көрсету үшін жұмыс жасалды. Айта кетсек, топпен жұмыс жасау арқылы білім алушылардың бірлесе атқарылған жұмысының оң динамикасы байқалды. Сонымен қоса, жұптық жұмыстарды мәтінмен жұмыс жасағанда, яғни мәтінді оқып, көршісі екеуі бір-бірлеріне сұрақтар қоя отырып талдады.

Сабақтар Астана-кітап баспасы «Biology 10 - Grade», «Biology 11 - Grade», оқулықтары арқылы өткізіледі. Bilimland, smk.kz, ustaz.kz сайттарын қолданылады.. Осы аталған сыныптардың, жалпы білім беру стандартына негізделген, оқу бағдарламасы құрастырылған. Жалпы сағат саны: 72, 72. Бағдарламаға рецензия жазған: Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Университетінің доценті – Корогод Наталья Петровна.

«Ақпараттық үдерістегі сандық дағдылар (ағылшын тілінде)». Информатика пәнінің мұғалімі: Бекжан Н.Ғ.

2018 жылы Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Университетің информатика пәнін үш тілде беру құқығы бар дипломмен аяқтады.

2018-2019 оқу жылдарында мектебімізде «Информатика» пәнінен үш тілді енгізу басталды.

2022-2023 оқу жылдарында 7 «А», «Ә», 10 «А» сыныптарында информатика сабағын үш тілді кіріктіріп жүргізілді. Бұл сыныптар информатика пәнін ағылшын тілінде оқыту бойынша жалғастырушы сыныптар.

Мектеп шеңберінде «Conditional statements (if/else)» және «Spreadsheets» тақырыптарында ашық сабақтар өткіздім. Сабақтарда «CLIL» технология элементтерінің көмегі зор. Алғашқы білім беру траекториясын құру мақсатында, алынған тест қорытындысы орташа болып, сапа 80% құрады. Жылдың соңында сапа пайызы жоғары нәтиже көрсету үшін жұмыс жасалды. Informatics-AstanaKitap кітабын және Bilimland, smk.kz, ustaz.kz сайттарын қолданылады. Осы аталған сыныптардың, жалпы білім беру стандартына негізделген, оқу бағдарламасы құрастырылған. Жалпы сағат саны: 36. Бағдарламаға рецензия жазған: Ә.Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық университеті информатика кафедрасы, доцент Мухамедиева Қымбатша Мауленовна.

Қорытындылай келе, туындаған мәселелердің шешу жолдары:

- ✓ қосымша тапсырмалар беру;
- ✓ тақырыпқа байланысты аудармаларды оқушылардың өздеріне жасату;
- ✓ қызығушылықты ояту үшін түрлі ойын әдіс-тәсілдерін қолдану.

«Химия ұғымдары ағылшын тілінде». Пән мұғалімі Абдрахманова Ф.Е.

Қорыта келгенде, өз тілінді құрметтей отырып, өзге тілді үйрену, білім ғылымда тиімді қолдану, әрі қарай дамыту, оларды болашақ ұрпақтарымыздың меңгеруіне,

ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндерімен кіріктіре оқуына мүмкіндік жасалып, тілдер гармониясының бірлігіне жол ашылуына орасан зор жұмыс жасалып жатыр.

Жалпы айтқанда көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, оқушылардың әлемдік деңгейге көтерілуіне жол ашылады. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейтуге, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жетуіне мүмкіндік береді. Оқушыға елдің ертеңі, өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы, ой-пікірмен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Оқу-тәрбие процесін талдау

Білім беру процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету.

Мектептің 5-9 сыныптарының оқу жұмыс жоспары мына құжаттардың негізінде әзірленді:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы (28,43 б)
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
3. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен енгізілген өзгерістерінің 63-қосымшасы).
4. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);
оқушы	сынып	мұғалім	2тур
Болатұлы Санжар	6	Кабыш Г. О.	
Ғаллам Әлішер	6	Омарова К. О.	1 орын
Қайрақ Даян	6	Смагулова С.С.	
Смаилов Алижан	6	Кабыш Г.О.	2 орын

Республикалық кезеңге маусым айында 2 оқушы жолдама алды.

6. Қалалық Жаутықов олимпиадасының іріктеу кезеңіне 29 оқушы физика, математика, информатика пәндерінен қатысты. Жоғары ұпай алған 8 оқушы олимпиаданың оффлайн кезеңі қатысады.

№	оқушы	сынып	пән	Мұғалім
1	Смаилов А	6	математика	Кабыш Г. О.
2	Джалалова А.	6	математика	Омарова К. О.
3	Ғаллам Әлішер	6	математика	Омарова К. О.
4	Жарылғасын Мадияр	6	информатика	Бекжан Н.Ғ.
5	Амангелді Мерей	7	физика	Шайхимова А.М.
6	Медігат Кәусар	7	физика	Шайхимова А.М.
7	Марданов Д.	8	математика	Текенов А.А.
8	Мырзабеков Мансүр	8	информатика	Момынов К.М.

Динамика :

- Республика кезеңіне 2022 жылы 4 оқушы қатысты, екі пән бойынша , 2023жылы 8 оқушы қатысады 3пән бойынша.

Шешу жолдары :

- 7 сынып оқушыларын жасөспірімдер олимпиадасына және жалпы білім беретін пәндер олимпиадасына бағыттау
- Онлайн басқа да зияткерлік олимпиадаларға қатыстыру
- Жоғары аталған барлық оқушыларды математикадан Олутр House (Олимпиадаға дайындық орталығы) дәріс алуды жалғастыру керек .

7. Жасөспірімдер олимпиадасы

Облыстық жасөспірімдер олимпиадасына мектептен ЖМБ 17 оқушы пәндерден 3 оқушыдан қатысты. Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда физика және химия пәнінен оқушылар өздерінің позицияларын сақтап қалып Сатпаев олимпиадасында жақсы нәтиже көрсетті.

Оқу жылы	қатысқан	Жүлделі орын	1	2	3	сапа	ҚГ
2020-2021	17	9	1	5	3	53%	
2021-2022	18	6	1	2	3	33%	
2022-2023	17	10		2	8	59%	4

Биылғы оқу жылында нәтиже оң болды . Сапа артты. 3 оқушы екі пәннен жүлделі орындарға иеленді. 2022 жылмен салыстырғанда география, биологиядан сапа көтерілді. Олимпиадаға 7 сынаптардан оқушылар басымырақ қатысады.

№	оқушы	Пән	жүлделі орын	Мұғалімдер
1	Марданов Дінмухамед	математика	3	Текенов А.А.
		физика	3	Шайхимова А.М.
2	Амангелді Мерей	математика	3	Текенов А.А.
		физика	3	Шайхимова А.М.
3	Бастемиев Ансар	химия	3	Абдрахманова Ф.Е.
		география	2	Баянова С.Е.

8. 7 - 8 сынып оқушылар жасөспірімдер олимпиадасына барлық жалпы білім беретін пәндер бойынша 20 оқушы қатысты, оның 8 ҚГБ, 12 оқушы ЖМБ.

бағыт	қатысқан	жүлделі орын	1	2	3	Сапа
ЖМБ	12	10	1	3	6	83%
ҚГБ	8	5			5	62%

ЖМБ 6 сыныптын екі оқушысы 7 сынып үшін қатысты, оның біреуі жүлделі болды. Қатысушылар арасында 8 оқушы күзгі облыстық жасөспірімдер олимпиадасының жүлдегерлері, олардың арасында деңгейін көтерген екі оқушы физикадан 7 сынып оқушысы Амангелді М. 3 орыннан 2- орынға, географиядан 8 сынып оқушысы Бастемиев Ансар 2 орыннан 1- орынға көтерілді.

Мәселе :

- *информатика пәндерден нәтиже көтерілмеді*

Шешу жолдары :

- *оқушылармен жоғары деңгейде жан-жақты дайындық жүргізу, дайындыққа жоғары оқу орындарынан және басқа оқу орындардан өкілдерді тарту*
- *күрделі деңгейдегі тапсырмаларды жинақтап, шешімін табу*
- *оқушыларды математикадан қосымша дайындыққа тарту Олимп House (Олимпиадаға дайындық орталығы)*
- *Ш. Смагулов, қалалық Жаутықов олимпиадасына қатысатын 6 сынып оқушыларын жасөспірімдер олимпиадасына қатыстыру*

9. **лингвистикалық олимпиадаға** мектептен 4 оқушы ұсыныс жасады, олардың арасында былтырғы оқу жылының жеңімпаздары Канашева А. және Аликеева Я. Олимпиадаға бірінші рет 8 сынып оқушысы Ахметова Риза қатысып, жүлделі орын алды. 10 сынып оқушысы Канашева А. 2022 жылы РО қатысқан еді, бірақ биылғы сайыста да орын алмады. Қатысушылар арасынан жаңа жүлдегер 9сынып оқушысы Каирбек А. анықталды. Аликеева Я. 3 жыл қатарынан Лингвистика олимпиадасының жүлдегері атанды.

	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Қатысқан	3	3	4
Жүлделі орын	1	3	3
1 орын		1	
2 орын		2	2
3 орын	1		1
Сапа	33%	100%	75 %
РО		0	

Мәселе :

- *РО қатысушы жоқ*

Шешу жолдары :

- *Оқушыларды мектептің бастапқы деңгейден лингвистика олимпиадасына бағыттау*
- *Орыс пен ағылшын тіл мамандары дайындық жұмысын өзара бірігіп ұйымдастыру*
- *Дайындыққа математикалық логикалық тапсырмаларды енгізу*
- *Өткен жылдарыдың олимпиада тапсырмаларын шығару*

10. **Көптілдік олимпиадаға** мектептен 3 оқушы қатысып, үшеуі де жүлделі атанды. Аликеева Я.(орыс тілі) Капен Ж.(ағылшын тілі) екінші жыл жүлдегерлер қатарында. Олимпиадаға бірінші рет 8 сынып оқушысы Ахметова Риза (француз тілі) қатысып, жүлделі орын алды.

оқу жылы	қатысушылар	жүлделі орын	1 орын	2 орын	3 орын	Сапа %
2019-2020	3	1		1		33%
2020-2021						
2021-2022	3	2		1	1	66%
2022-2023	3	3			3	100%

Мәселе :

- Олимпиада сапасы облыстық деңгейде арттырғанымен 1 орын болмау, яғни республикалық деңгейге шықпау

Шешу жолдары :

- Тілдер бағыттағы оқушыларды көптілді олимпиадасына бағыттау
- Қазақ, орыс, ағылшын тілі мамандары дайындық жұмысын өзара бірігіп ұйымдастыру
- Дайындықты 6 сыныптан бастап бір параллельден 2 оқушыдан ұйымдастыру
- Өткен жылдарыдың олимпиада тапсырмаларын шешу

11. "Менің кіші Отаным" атты республикалық интеллектуалдық конкурсының облыстық кезеңіне онлайн режимінде өтті. Ережеге сәйкес конкурс екі тур бойынша өткізілді. I тур – Қазақстан тарихы сұрақтары бойынша тест тапсырылды. II тур – 4 номинация бойынша жұмыс атқарылды. Сайыс нәтижесінде «Менің кішкентай Отанымның тарихы» номинация бойынша II дәрежелі дипломымен 10 сынып оқушысы Нұрғиса Ф.(мұғ.Итемгенов Б.У.), «Кішкентай Отанымның символы» номинация бойынша III дәрежелі дипломымен 9 сынып оқушысы Қалым Д.(мұғ. Какабаева А.М.), «Менің туған өлкем» (эссе жазу) номинация бойынша I дәрежелі дипломымен 10 сынып оқушысы Қабылбек А. (мұғ. Итемгенов Б.У.).

оқу жылы	Оқушылар саны	жүлделі орын	1 орын	2орын	3 орын	Сапа %
2020-2021	4	1			1	25%
2021-2022	4	3	1	1	1	75%
2022-2023	4	1			1	25 %

Кестеден көріп отырғаныңыздай, соңғы үш жылда байқауға 4 адам қатысты, бірақ нәтижелер әр түрлі:

2020-2021 жылдары бір ғана қатысушы жүлделі орынға ие болды - бірінші. Бұл табыстың 25% құрайды.

2021-2022 жылдары үш қатысушы жүлделі орындарға ие болды-бірінші, екінші және үшінші орындар. Бұл қатысушылардың 75% - ы сыйлықтар алғанын білдіреді.

2022-2023 жылдары бір ғана қатысушы жүлделі орынға ие болды - үшінші. Бұл тағы да сәттіліктің 25% құрайды.

Жалпы, байқау нәтижелері әр түрлі және қатысушылардың жұмыс сапасы екіұшты деп айтуға болады. конкурсқа қатысушылардың тұрақсыз құрамы оның нәтижелілігіне әсер етуі мүмкін. Егер қатысушылардың құрамы жыл сайын өзгеріп отырса, онда қатысушылардың дайындық деңгейі, тәжірибесі мен мотивациясы да өзгеруі мүмкін, бұл олардың жұмыс сапасына және сайыстың нәтижелеріне әсер етуі мүмкін. Тек Қабылбек А. екі жыл қатарынан эссе бағытына қатысып жүлделі орын алып жүрді.

Мәселе :

- Қатысушылар сапасы үнемі өзгеріп тұрады
- Жеке номинациялар бойынша дайындық жұмыстар толығымен жүргізілмейді
- Қатысушыларды таңдауда реттілік жоқ

Шешу жолдары :

- Сайысқа қазақ тілі мен тарих мұғалімдері бірлесіп жоспар құрып, алдын ала қатысушыларды дайындау
- Тарих пәні мұғалімдеріне номинациялар бойынша алдын ала дайыңдық жұмыстарды жүргізу

12. Биылғы оқу жылында 7 түрлі қазақ тілі мен әдебиетінен шығармашылық оқулары өтті.

№	Оқулар	Оқу жылы	қатысушылар	жүлделі орын	1орын	2орын	3 орын	ҚГ	сапа%
1	Акберен	2021-2022	6	4		2	2		67
		2022-2023	6	2		2			33%
2	Мағжан	2020-2021	3	2		1	1		67
		2021-2022	3	0					0
		2022-2023	2	1		1			50
3	Жамбыл	2020-2021	3	3		2	1		100
		2021-2022	2	1		1		1	50
		2022-2023	1						0
4	Абай	2020-2021	4	1			1		25
		2021-2022	1				1		100
		2022-2023	2			2			100
5	Әбіш	2020-2021	1	1	1				100
		2021-2022	8	7		2	1		88
		2022-2023	3	2		2		1	66
6	Мәшһүр	2020-2021	4	4	1		3		100
		2021-2022	3	2		2			67
		2022-2023	2	2	1		1		100
7	І.Жансүгіров	2022-2023	2	2		1	1		100
8	Жарқын болашақ	2022-2023	5	1			1		20

Мектеп бойынша оқулар қатарында көсбашылар белгіленді : 9 сынып оқушысы Макаров Муслим барлық оқулардан жүлделі орындарға иеленді (мұғ.Кабылова А.М.), қалған оқушылардың қатысуы тұрақты емес. Сапа жоғарлады «Мағжан оқулары», «Абай оқулары», «Мәшһүр оқулары», бірінші рет өткізілген «І.Жансүгіров оқулары» нәтижелі болды. «Ақберен», «Жамбыл» және «Әбіш оқуларының» «Жарқын болашақ» нәтижесі төмен болды.

Мәселе :

- «Ақберен», «Жамбыл» және «Әбіш» оқуларының «Жарқын болашақ» олимпиадасының сапасы төмендеуі
- Облыстық деңгейде 1 жүлделі орындардын болмау
- 1 орын болмағандықтан республика деңгейінде сайсқа қатыспау
- Бағыттар толығымен қатысушылармен қамтылмайды.
- Мәнерлеп оқу , жатқа оқу, сахналық қойылымдар бағыттарына қатысушылар таңдалмайды

Шешу жолдары :

- Сайыстың барлық бағыттарын қамту

- Жазғы уақытқа таңдалған оқушыларға шығармаларды мәнерлеп оқу , өлеңдерді жатқа айту тапсырмаларды бөлу
- музыкалық бағытта жұмысты күшейту , сахна өнеріне бейім оқушыларды ұйымдастыру

13. Қазақ тілі мен әдебиетінен Қ. Бітібаева атындағы республикалық олимпиааның облыстық кезеңінде мектеп оқушылары 100 % сапа көрсетті.

Жылдар	қатысушылар	Жұлделі	1	2	3	Сапа
2021-2022	3	3	1	2		100%
2022-2023	3	3	2	1		100%

Қатысушы	2022 облыс	2023 облыс	мұғалімі
Қабылбек Арай	2	2	Сырттанова А.Т.
Абигерова Дамиля	1	1	Аханбаева С.Е.

IV. Экологиялық сайыстар

- а) 9 -11сынып оқушылары арасында «Жас экорепортер» облыстық экологиялық байқауның нәтижесі төмендеді

№	Облыстық деңгей					
	қатысқан оқушы саны	Жүлдегерлер	1 орын	2 орын	3 орын	Сапа %
2020-2021	2	2			1	50%
2021-2022	2	2	1	1		100%
2022-2023	3	1		1		33 %

- б) "ProEco" экологиялық конкурс

№	Облыстық деңгей						Республикалық деңгей					
	қатысқан оқушы саны	Жүлдегерлер	1 орын	2 орын	3 орын	Сапа %	қатысқан оқушы саны	Жүлдегерлер	1 орын	2 орын	3 орын	Сапа %
2021-2022	6	5	1		4	83%	1	1		1		100 %
2022-2023	3	3		3		100	Қатысушы жоқ					

Оқу жылында екі экологиялық байқау өткізілді. Байқаулардың нәтижесі төмендеді . Экологиялық жарыстардағы жетістік қатысушының экологиялық тақырыптағы білімі мен тәжірибесіне, сондай-ақ конкурста қойылған мәселелерді түсіну деңгейіне байланысты болуы мүмкін. Бағалау дескрипторларын толық түсінбеу жобаның нәтижесі болмауына әкелді.

V. Инновациялық жобалар:

1. 2023 жылы жалпы орта білім беру мектептерінің 6 сынып оқушыларына арналған С.Т.Хасанова атындағы «Математикалық АВАСА» олимпиадасы өткізілді. Жоба мақсаты математикадан қабілеті жоғары дарынды балаларды анықтау, дамыту, жағдай жасау, математикадан облыстың олимпиадалық құрама командасын

қалыптастыруына қолдау көрсету, балалардың математика ғылымына деген шығармашылық қызығушылықтарын дамыту болып табылады. Жоба нәтижесінде қалалар мен аудандардағы 6 - сынып оқушылары арасында математика пәнінен қабілеті жоғары оқушыларды анықталы, оларды жасөспірімдер олимпиадасына бағыттап, олимпиада тапсырмалардың шешу жолдарын ауызша түрде қорғап үйрету және құрама командасын жинақтайды. Олимпиада екі кезеннен құрастырылды: I онлайн - іріктеу кезеңі ZOOM платформасында өткізілді. II оффлайн – кезеңіне олимпиадаға 12 команда мүмкіндік алды. Жалпы олимпиадаға 6 - сынып оқушыларынан - 60 оқушы, олардың арасынан 50 оқушы Павлодар қаласы мектептерінен және Экибастұз қаласының №28 Абай атындағы ЖОББМ мен Баянауыл ауданының құрама командасы онлайн ZOOM платформасында қатысты (ауа райына байланысты). Олимпиада қорытындысы бойынша Павлодар қаласының № 38 жалпы негізгі білім беру мектебі «Гран –при» және олимпиаданың ауыспалы Кубогінің иегері атанды. Павлодар қаласының Қ. Бекқожин атындағы жалпы орта білім беру мектебі 1 - орын, Павлодар қаласының № 24 жалпы орта білім беру мектебі 2- орын, 3 - орын иегерлері: Павлодар қаласының №7 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қаласының № 29 жалпы орта білім беру мектебі және Екібастұз қаласының №28 Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебі. Белсенділік таңытқан оқушылар олимпиаданың Құрмет грамотасымен марапатталды.

2. 2022 жылы мектептер арасындағы өзара ынтымақтастықты дамыту жолында **Кенжекөл ауылының отбасы үлгісіндегі балалар** ауылы тәрбиеленушілерінің білім алуына жәрдемдесу мақсатында «Оқушыдан – оқушыға» әлеуметтік жобасын іске қосты. 2021 жылдың 25 қарашасында ұйым басшылары ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Лицейдің әрбір оқушысы ағылшын тілі, математика, биология, қазақ тілі, Қазақстан тарихы пәндері бойынша осы көмекке өтініш жасаған балалар үйінің мұғалімдерімен келісілген оқушылардан жеке сабақ кестесін жасайды. Лицей оқушысы қиын тақырыптарды түсіндірудің әдістері мен формаларын тиімді қолдануы үшін лицейдің пән мұғалімдері жалпы бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады. 2023 бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда. Арнайы сабақ кестесі бойынша сабақтан тыс уақытта лицей оқушылары онлайн форматта сабақтар мен консультацияларын жүргізеді. Бұл жоба нәтижесінде лицей оқушылары : мейірімділікке, тең адамға көмектесуге үйренеді, волонтерлік қозғалысқа қатысады, тәлімгер ретінде диалогқа түседі. Балалар үйінің тәрбиеленушілері : қиын тақырыптарға, жиынтық бағалауға дайындалуға, қажет болған жағдайда ҰБТ-ге дайындыққа көмек алады.

3. «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейіндегі **«Интеллект алаңы» жобасы.** Жоба зияткерлік тұлғаны қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ететін қолайлы жағдайлар жасау, мектеп оқушылары арасында ғылыми білімді тарату және танымал ету, студенттердің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқуға қызығушылығын арттыру оң мотивацияны қалыптастыру, жасөспірімдерді жоғары деңгейдегі олимпиадаларға дайындау жүйесін жетілдіру және резерв құру мақсатында жүргізіледі. Жоба екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде «Олимпиада шыңына өрлеу» бағытында 9-11 сынып оқушылары жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадаға арнайы кесте бойынша дайындық жүргізеді. Дайындық арасында оқушылар үшін таза ауада серуендеу, дене шынықтыру сағаттары ұйымдастырылады. «Оқушымен – оқушы» бірлескен оқыту бағытында 9-11 сынып оқушылары 7-8 сынып жасөспірімдермен бір пән бойынша білімдерін нығайтуға консультациялар жүргізеді. Екінші «Зерттеу - ғылыми жобалар» бағытында тестілеу жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша («Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика», «География») және қоғамдық-гуманитарлық

бағыттағы («Қазақстан тарихы», «Құқық негіздері» «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі» «Ағылшын тілі») ғылыми жобалар секцияларының профильді пәндері бойынша жүргізіледі. Пән мұғалімдері 30 тест тапсырмаларын құрастырады: 1 деңгейде – бағдарламаның оқу мақсаттарын қамтитын білім мен түсінуге арналған тапсырмалар ; 2 деңгейде - бағдарламаның оқу мақсаттарын қамтитын қолдану арналған тапсырмалар; 3 деңгейде - бағдарламаның оқу мақсаттарын қамтитын жоғары ойлау дағдыларына арналған тапсырмалар. Орындау уақыты 1 астрономиялық сағат бөлінеді. Тест жауаптарды нақты уақыт режимінде жеке немесе қорытынды ретінде оңай қарау үшін жұмыс Google Forms жүргізіледі. Бұл жоба нәтижесінде жоғары сынып оқушылары ғылыми жобалардағы секцияларды алдын ала таңдауға бағыттайды және сайыстың екінші тестілеу кезеңінде жоғары ұпайларды жинауға мүмкіншілік тудырады.

4. Жалпы білім беретін мектептердің **4 сынып оқушыларының Г.Ж.Мұқашеваға арналған «Ботақан» зияткерлік сайысы.**

2023 жылдың 4 сәуір күні «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп –лицейінің тұңғыш директоры Г.Ж. Мұқашеваның туған күніне орай Павлодар қаласының 4- сынып оқушыларына арналған «Ботақан» зияткерлік сайысының 1- кезеңі - капитан командаларының онлайн іріктеуі өткізілді. Жалпы сайысқа Павлодар қаласы бойынша 25 мекте тіркелді. 1- тур қорытындысы бойынша жоғары ұпаймен 12 мектеп келесі кезеңдерге өтті.

Зияткерлік сайыстың 2,3 кезеңдері 8 сәуір күні «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп –лицейінің тұңғыш директоры Г. Ж. Мұқашеваның туған күніне орай Павлодар қаласының 4 сынып оқушыларына арналған «Ботақан» зияткерлік сайысының соңғы кезеңдері өткізілді. Командалық тур бойынша жоғары нәтиже көрсеткен №24 ЖОББ мектебіне сайыстың «Бас жүлде» ауыспалы кубогы табысталады. Жеке кезеңде Б.Момышұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінің оқушысы Санатқан Әбілхан жоғары ұпай жинаған үшін «Ең білімді оқушы» номинациясымен және арнайы сыйлыққа иленеді. 60 қатысушының 26 оқушысы жүлделі орындармен және тәтті сыйлықтармен марапатталды.

5. «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп- лицейі мен Тереңкөл, Павлодар , Баянауыл аудандарының қазақ тілінде оқытатын мектептерімен «Өзара әрекеттестік және кәсіби қолдау- заманауи білім беру жолдарының тиімді түрлерінің бірі» жобасы аясында 2023 жылдың 29 сәуір күні мектеп-лицей негізінде 7-10 - сынып оқушыларына арналған Павлодар қаласының Торайғыров Университеті, Ә. Марғұлан Университеті ғалымдарымен жалпы білім беретін пәндер бойынша **«Бірлескен оқу күні»** өткізілді. Бұл шараның негізгі мақсаты - дарынды балаларды қолдау және олардың оңтайлы дамуы үшін жағдай жасау, сондай-ақ оқушылардың қабілеттерін шыңдауда сапалы дайындық түрлерін көрсету. Оқушылар ағылшын тілі, математика, биология, география, тарих, қазақ тілі мен әдебиет, орыс тілі, физика, химия пәндерінен олимпиада тапсырмаларын шешіп, алдағы зияткерлік сайыстарға және олимпиадаларға бағыт ерілді. Тереңкөл, Павлодар , Баянауыл аудандарынан жалпы 60 оқушы дәріс алды.

VIII. «Білім қоржынымды байытамын»

2022 жылы қыркүйек айының 1 және 2 аптасында 5-6 сынып оқушылары

мен 7-8 сынып оқушылары арасында пәндік іріктеу жұмыстары жүргізілді. Бұл шараның мақсаты оқушылар арасынан ОРМ оқушылардың тізімдерін жасап, дайындық жұмыстарды жүргізу. ОРМ тізімінен оқушылар келесі шараларға қатысады:

- Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиада;
- Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиада;
- Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиада;
- Көптілдік және лингвистикалық олимпиадаға қатысушыларды іріктеу;
- Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен шығармашылық оқуларға оқушыларды іріктеу;
- Экологиялық дүниетанымды қалыптастыру, оқушылардың танымдық және практикалық іс-әрекеттерін бақылау.
- «Меңін кіші Отаным» сайысы.

5-6 сыныптарға іріктеу тапсырмаларына өткен жылдың 5-6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың қалалық кезең тапсырмалары алынды. Жұмыстар сабақтан кейін арнайы кесте бойынша жүргізілді. Сонымен қатар 7-8 сыныптар бойынша пән мұғалімдері қосымша іріктеу жұмыстарын жүргізді. 9-11 сыныптардың ОРМ оқушылар тізімі өткен оқу жылдардың облыстық, Республикалық деңгейлердің зияткерлік сайыстары мен олимпиадалары нәтижелері бойынша құрылды.

Оқушыларды дамыту бағытында оқу жылы бойы мектептің олимпиадалық резерв оқушылары бірнеше дайындықтан өтті. Ең негізгісі мектептегі ЖОО оқытушыларымен ұйымдастырылған арнайы элективті сабақтар. Жалпы 1500 сағат пәндер бойынша 14 оқытушыға бөлінген. Осы бағытта жалпы дайындықтардан 203 оқушы дәріс алды.

№	пән	оқушы саны
1	информатика	14
2	француз тілі	5
3	математика	65
4	қазақ тілі мен әдебиет	20
5	химия	14
6	орыс тілі	10
7	биология	13
8	физика	11
9	География	7
10	Қаз.тарихы	9
11	құқық негіздері	6
12	ағылшын тілі	20
13	жаратылыстану	9
Барлығы		203

ОРМ 30 пән мұғалімі жетекшілік жасайды, дайындық уақыттары белгіленді. Текенов А.А. математика пәнінен тренер ретінде екі топпен жұмыс жүргізеді. ЖОО 14 оқытушылары белгіленген уақыттар бойынша электив сабақтарын жүргізеді.

Оқу жылының қорытындысы бойынша ЖОО 4 оқытушысы марапатталды: Ашимбетова Р.Д., Суюнова Г.С., Куралханова Б.Ш., 4

1. Оқушылардың Olymp House орталығында дайындықтары :

№	Оқушы	сынып	2022-2023 оқу жылындағы нәтижелері
---	-------	-------	------------------------------------

1	Марданов Динмухамед	8	ОО 3 орын, XII облыстық жасөспірімдер олимпиада математика 3 орын, физика 3 орын, облыстық жасөспірім олимп 3 орын, Ақбота зияткерлік олимпиада 2 орын
2	Джалалова Азиза	6	5-6 сынып оқушылар олимпиадасы 3 орын, Кенгуру -математика барлығы үшін 3 орын
3	Смаилов Алижан	6	5-6 сынып оқушылар олимпиадасы 1 орын , аймақтық Смагулов олимпиадасы 1 орын , Кенгуру -математика барлығы үшін 2 орын
4	Сейтбек Бакытгуль	10	ОО 2 орын, Қазақстан білім олимпиадасы 3 орын
5	Қуанқаш Ернат	8	XII облыстық жасөспірімдер олимпиада 3 орын, облыстық жасөспірім олимп 3 орын
6	Жарылғасын Мадияр	6	5-6 сынып оқушылар олимпиадасы 3 орын, Никитенко олимпиадасы 3 орын

Мәселе : оқушыларды олимпиадаларға қатыстыру жоғары нәтижелерге жеткізу

Шешу жолдары :

- *Оқушыларды Олимп House орталығында оқуын жалғатыруға бағыттау*
- *Пән мұғалімдеріне жеке дайындық жұмысын жүргізі*
- *Мектепте ОРМ математика пәнінен 1,2,3 саты дайындығына оқушыларды іріктеу , олармен жеке жұмыс ұйымдастыру*

Тәрбие жұмысы бойынша 2022-2023 оқу жылында өткізілген тәрбие іс – шаралары бойынша талдау

Мақсаты:

1. Оқу жылында өткізілген тәрбие іс – шараларына 8 бағыт бойынша талдау жасау.
2. 2022-2023 оқу жылында еңгізілген жаңалықтардың, өзгерістердің тәрбиелік мәнін айқындау.

Мектептің тәрбие жұмысының жүйесі Қазақстан Республикасының келесі Заңдары, тұжырымдамалары мен бағдарламалары бойынша іске асырылады:

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011. 02. 02. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

2.«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ Кодексі (2014. 17.11. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

3.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (2015.13.01. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

4.«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы (2014.29.12. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

5.«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-ІҮ Заңы;

6.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығымен бекітілген (2014. 12.08. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);

7.**Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы.** Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген;

8.«Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы;

9.«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысымен мақұлданған;

10.Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген;

11.«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» (08.05.2009ж),

12.Қазақстан Республикасының «Саламатты Қазақстан» денсаулықты дамыту бағдарламалары және т.б. құқықтық құжаттарды тәрбие үдерісінде басшылыққа алады.

13. 2022-2023 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат.

Мектептің тәрбие жұмысының **мақсаты** білім беруді модернизациялау жағдайында, заман талабына сай, кез келген ортада бейімделе алатын тұлға тәрбиелеу.

Міндеттер: оқушыларды құбылмалы ортаға бейімделе алуына үйрету, көмектесу; оқушылар бойында проблеманы шешу, әлеуметтік өзара іс-қимыл жасау, өзіндік іске асыру, өзін-өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеттерін дамытуға жағдай жасау; ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Өткен оқу жылының тәрбие жұмысына жылдық талдау жасалынды, проблемалар айқындалып оларды шешу мақсатында шаралар жоспарланып іске асырылды.

Мектептің жылдық тәрбие жоспарында **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, ұлттық тәрбие, отбасы тәрбиесі, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты, оқушылардың бос уақытын қамту, оқушыларға кәсіптік бағдар беру** жұмыстарын іске асыруға бағытталған шаралар жоспарланды.

Сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарларында тәрбие бағыттары бойынша шаралар жоспарланып, тоқсан сайын өткізілген шараларға талдау жүргізіліп отырды. Сынып жетекшілерінің қызметі нормативтік құжаттарға сәйкес іске асырылды.

Оқушыларды ыстық тамақпен қамту, құқық бұзушылық, жарақаттану, суицидтің алдын алу, буллинг, кибер буллинг, бос уақыттарының қамтылуы, 9-11 сынып түлектерінің оқуға және еңбекке орналасуы, СӨС қалыптастыру жұмыстарының жүргізілуі МІБ жоспармен сәйкес педагогикалық кеңес, директор жанындағы жиналыс пен сынып жетекшілер әдістемелік бірлестіктерінің отырыстарында қаралып отырды.

2022-2023 оқу жылында да мектептің тәрбие үдерісіне НЗМ іс тәжірибесінен енгізілген жобалар тиімді қолданылуда. «Флешмоб», «Ақпараттық жиындар», «Кітаппен сырласу», «Туған жерге тағзым», «Рейтинг», жобалары.

«Рейтинг» жобасы бойынша сынып жетекшілер сынып белсенділерімен бірге сыныптың рейтингілік картасын толтырып тапсырып отырды. Оқушылардың алған рейтингісі «Біржола, мәңгілік жеңіске жетуге болмайды, күн сайын жеңіске жетіп отыру қажет» деген арнайы стендте көрсетіліп, жылдың аяғында жеңімпаздар анықталды. Рейтинг нәтижесі бойынша «Ең үздік сынып» анықталады.

Мектебімізде өскелең ұрпақты белсенді **патриоттыққа тәрбиелеу**, отаншылдық рухын, патриоттық сезімдерін нығайту мақсатында жыл бойында тақырыптық тәрбие сағаттары өткізіледі. Мектеп оқушылары әскери-патриоттық бағытында өткізілген облыстық сайыстарға белсенді қатысты. Оқу жылында елімізде айтулы мерекелер көп болды, соның бірі 25-қазан Республика күні. Мектеп оқушылары мен ұжымы мерекеге байланысты ән ұран айтылды.

М.М.Катаев атындағы оқушылар сарайының ұйымдастырылуымен өтетін «Менің -туым менің мақтанышым!» атты сайысқа қатысып, ту суретін мектеп ауласына бейнеледі.

7 Мамыр Отан қорғаушылар күніне орай төменгі сынып оқушылары бейнероликтер әзірледі. Әр сынып өздерінің сыныптағы ұлдарын «Отан қорғаушылар» күнімен ерекше құттықтаулар әзірледі. Сонымен қатар 7-10 сынып арасында «Жігіт сұлтаны» сайысы ұйымдастырылды.

Мектептің АӘД мұғалімі А.В.Шоканов ұйымдастыруымен "Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран» атты саптық шеру байқауы өткізілді. Бұл іс-шара оқушылар бойында елге,отанға деген патриоттық сезімді күшейту мен әскери тәртіпті насихаттау барысында өткізілді. Саптық шеру арқылы елімізді қорғауға, еліміздің егемендігін бағалау керектігін ұғынды.

Алғашқы әскери дайындық мұғалімі «Өрт кезіндегі мұғалімнің іс – әрекеті» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, нұсқаулықтармен таныстырып өтті. Сонымен қатар, өрт кезінде алғашқы алғы шарттарын практика жүзінде түсіндіру негізінде эвокуциялық іс-шара өткізілді. Кемшіліктер мен ұмысынстар зерделеніп, жоспарға келесі эвокуация күні бекітілді.

20.09.2022 жылы мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымының президентінің сайлауы өтті. Сайлауға мектеп оқушылары мен мұғалімдері толық қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша Анарбеков Ернар 230 дауыс - 58,4% жинап мектеп президенті болып сайланды.

25-қазан Республика күніне орай 5-11- сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне сай елжандылық тақырыбына диктант жазды. Мақсаты: мәтін мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіре отырып, патриоттық тәрбие беру. Мемлекеттік тілде жазу мәдениетін дамытып, сауаттылығын қалыптастыру.

«Парасаттылық – жастар көзімен» акциясына 7-10 сынып оқушылары бейнеролик жасады.

Республика күні мерекесі қарсаңында 5 оқушымыз «Тәуелсіздік ұланы» атты облыстық сайысқа қатысып сертификат және ақшалай сыйлық ұтып алды.

5- сынып оқушыларын «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» өңірлік қоғамдық бірлестігі қатарына салтанатты түрде қабылданды. «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының төс белгілерін тағу 30 "Ең үздік оқушы" мен мектебіміздің президенті және оның командасына берілді.

Павлодар облысының ақпарат және қоғамдық даму басқармасының ұйымдастырылуымен " Құқық бұзушылықтың алдын алуға және кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз,панасыз қалуына жол бермеуге бағытталған" " Заңды сақтайтын азамат" жобасы кезінде Е.Ж.Калкамбековпен кездесулер ұйымдасрылды.

Қазақстанның барлық аймақтарынан дарынды ұл-қыздарды іздеп, олардың бойында жауапкершілік, қайсарлық, мақсатқа жету сынды қасиеттерді тәрбиелеу мақсатында «Елбасы Медалі» жобасы жарияланған болатын. «Елбасы Медалі» - жастарды кешенді дамытуға бағытталған ұлттық деңгейдегі бағдарлама. Ол - спорт, таланттар мен дағдылар, кітап оқу, Ұлттық мұра, волонтерлік, экспедициялар мен жорықтар, еңбек практикасы бағыттарын қамтиды. Бағдарламаға 14-29 жас аралығындағы қазақстандықтар қатысып, сынға түсуге мүмкіндік алады. Мектебіміздің математика пәнінің мұғалімі И.К.Жанабек алтын медаль иегері. Оқушы Макеева Айжаналтыг медаль иегері. Жобаның күміс медаль иегерлері:

1. Жумагулова Азиза – студент.

2. Аманжол Дария.

Жобаның үшінші легінде қатысқан оқушыларымыз қола медаль иегері атанды.

Олар:

1. Абрахманова Айсара.

2. Қадырхан Адина.

3. Нурмакина Адель

4. Дүйсекен Арайлым

5. нурхиса Фарида

6.Майдан Ирадат

7.Қосбармақова Адия

8.Амантай Сабина

"Тәуелсіздік тұғырым!" Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай "Желтоқсан құрбандары мәңгі есімізде" атты челленджі де қарқынды жүргізілді.

Республика күніне арналған іс-шара толығымен ұйымдастырылды, сынып сағаттары барлық сыныпта өткізілді және мерекемізге арналған шағын концерт тамашаланды.

Қазақстан Республикасында 130- дан астам ұлттар өмір сүреді. Әр халықтың тілі қайнар судың тұнбасындай мөлдір, сазды дыбыстарға бай, ұлттың тілі, әні, үні болып шалқар дариядай шалқуда.

Тіл құдіретін, қасиетін бағалауды мақсат тұтқан «Тіл мәртебесі - ел мәртебесі» онкүндігі жоғары деңгейде өтті. Бір айға іс-шаралар жоспарланып, қашықтықтан түрлі форматта сайыстар мен қызықты іс-шаралар ұйымдастырылды.

Мектепте рухани-адамгершілік, эстетика бағыттары бойынша тәрбие жұмыс жүйесі қалыптасқан. Мақсаты: жалпы адамзаттық құндылықтар, өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен қазақстандық қоғаммен келісіліп отырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру.

«Қайырылымдылық жасау- ізгі қасиет»,- демекші мектептің тәрбие жүйесінде оқушы бойына осы қасиетті қалыптастыру жұмыстарына ерекше мән беріледі. Жыл бойы мектепте «Жүректен-жүрекке» акциясы жүргізілген болатын жәнеде «Жақсылық акциясының» жоспары негізінде мектеп ұжымы мен ата-аналар, оқушылар тарапынан Екібастұз қаласының тұрғандарына, отбасыларына әлеуметтік көмек көрсетілді.

Оқушылардың **мәдени-рухани** дамуына өз үлесін қосатын облыстық Абай, Мағжан, Мұқағали, Махамбет оқулары, т.б байқаулар. Бұл сайыстарда оқушылардың жүлделі орындар алулары рухани тұрғыда дамығанын көрсетеді. «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасын жүзеге асыру мақсатында өнегелі ісімен өшпестей із қалдырған тарихи тұлға Шоң би Едігеұлының облыстық оқуларында «Жас Дарын» мектеп-лицейінің 3 оқушысы жүлделі орынды иеленді: 9- сынып оқушысы Макаров М. 2- орын; 10- сынып оқушысы Қосбармақова А. 3 – орын. 2023 жылдың 5 сәуір күні дарынды ер балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернаты негізінде 8-11 сынып оқушыларының арасында республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқуларының» облыстық кезеңі өткізілді. «Алдыма өлең жаз деп қағаз келген» бағытында II орынға 9-сынып оқушысы Макаров Муслим және «Білімді зерек адамболам!» - десең...» (эссе жазу) бағытында 10-сынып оқушысы Абигерова Дамиля ие болды. «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы республикалық «Әбіш оқулары» байқауының облыстық кезеңін өткізді. Облыстық «Әбіш оқулары» байқауының жүлдегерлері: «Иллюстрациядыө сурет» бағытында жүлдегер атанған – Сұртай Аяжан, I дәрежелі дипломмен «Шығармашылық жұмыс» бағытында жүлдеі орынға ие болды.

Мұғалімдер күніне орай әр сынып бейнеқұттықтау әзірлеп, мерекелік ән-би, өлең жолдарын және челленджерін жолдады. "Ұстазға құрмет – ұлылықтың бастауы!" - атты 10 күндігі өтті. Әр сынып оқушылары мұғалімдерге өз бейне құттықтауларын тарту етті. 11- сынып оқушылары керемет концер пен «Дублер күні» атты іс-шара өткізілді.

1-Мамыр күніне орай «Бейбітшілік - ел тілегі» бірыңғай сынып сағаттары өтті.Сонымен қатар Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай 5-6 сыныптар арасында фестиваль өтті.

Күзгі, қысқы, демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында сынып жетекешілері арнайы жоспар құрып, іске асырды. «Туған елге тағзым» жобасы аясында мектебіміздің 7 «а»,8 «а» сынып оқушылары Бурабай сауықтыру орталығына саяхатқа барып қайтты.

Қарттар күні – мейірім мен шуаққа толы айтулы күн. Бұл күні біз қарттарымызға деген қамқорлығымыз бен құрметімізді барынша тағы бір мәрте көрсетуге, ерекше

ілттипат танытуға тырысамыз. Өскелең ұрпақ үшін әр салада өзіндік қолтаңбасын қалдырған көнекөз қарияларымыздың орны ерекше. Мектеп оқушылары ата-әжелерін құттықтап, әндер, өлең жолдарын, суреттерін және фотоколлаж, бейне құттықтау жолдады. Сонымен қатар мектеп Ардагерлерін құттықтады.

Отбасылық тәрбие бойынша ата - аналарды ағарту, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру басты мақсат болып табылады. Мақсатқа қол жеткізу негізінде мектебімізде келесі іс-шаралар жоспарланып, өткізілді:

10.09.2022 оқу жылында ата-аналар мен ұстаздар, оқушылар «Денсаулық күні» салауатты өмір салтын насихаттау ойынша табиғат аясынла демалып келді.

Отбасы күніне орай онкүндік және отбасы айлығы жоспарланып, оқушылардың және ата-аналардың белсенді қатысуымен аталып өтті.

5-6 сынып оқушылары өздерінің отбасылары жайлы бейне роликтер түсіріп, отбасы құндылығын дәріптеді.

"Отбасылық шеберхана" - қыздарымыз аналарымен, әжелерімен және ұлдарымыз әкелерімен, аталарымен қолөнер бұйымдарын жасады.

Оқушылар Сарайының ұйымдастырыуымен "Менің отбасым" облыстық бейнероликтер конкурсына 5 – «Ә» сынып оқушылары қатысты.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қарым-қатынасты қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлау және экологиялық мәдениетін дамыту. «Көркем еңбек» пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімінің негізін қалыптастыру. Біздің оқушылар көркем еңбек пәні мұғалімдерімен, аналарымен, әжелерімен бірге осы мақсатты жүзеге асыруда. "ӨНЕРЛІ ӨРГЕ ЖҮЗЕДІ" дейді, адам бойындағы өнер ешқашан артық етпейді, керісінше болашақта өз септігін тигізеді. Оқушылар бос уақытын тиімді әрі пайдалы өткізу мақсатында, көркем еңбек сабақтарында ас әзірлеп, түрлі ұлттық тағамдарды әзірлеп үйренуде.

Өз қолыңмен жасалған сыйлық - ең бағалы сыйлық! Біздің оқушылар өз қолдарымен сыйлық жасап, шеберлік сыныптарын көрсетті.

Табиғатқа қатысты экологиялық дүниетанымды қалыптастыру, қоршаған ортаны аялау сезімін тәрбиелеу мақсатында ҚР БҒМ «Дарын» РҒПО 7-11-сынып оқушылары арасында Экорепартер экологиялық конкурсытарына Тілектесова Сабина II орынды иеленсе, Есбулатова Аяри белсенді қатысты. Облыстық қашықтық акциясына 5 – сынып оқушылары қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Атап айтатын болсақ, 5- «Ә» сынып оқушысы Қуат Ерасыл «Екінші өмір-екінші тыныс» номинациясында I орын иеленсе, Зейнолла Эмирхан «Автомобильсіз күн» акциясында II-ші жүлделі орынды иеленді, ал «Бір күн қағазсыз» номинациясында Өмірали Нұрай II орынды жеңіп алды.

«Қоқыссыз таза табиғат» атты жалпыұлттық акциясына 5-11 сынып оқушылары белсенді қатысты.

Жоспар негізінде облыстық EcoBoom жобасы аясында мектебіміздің 5-11 сынып оқушылары пластикалық қақпақтарды жинауда белсенді ат салысуда.

Эко конкурс жобасында Самал Еркенқызымен жоба дайындап Ахметова Зинира мен Бастемиев Аңсар жүлделі орындар ие болды.

2023 жылдың жаз мезгілінде мектеп ауласын көркейту жұмыстары кезекшілік кестеге сәйкес жүргізіліп отырады.

«Ағаштар-Жер планетасының өкпесі» акциясына мектеп оқушыларыда белсенді қатысты.

Облыстық ЭкоBoom жобасы аясында мектебіміздің 5-11 сынып оқушылары пластикалық қақпақтарды жинауда белсенді ат салысты. Оқушылар сарайы мен «Клуб Добряков» ұйымына жиналған қақпақтар тапсырылды. Бұл жоба ұзақ мерзімді оқу жылының соңына дейін өткізіледі. Қорытындысы оқу жылының соңында шығарылады.

Мектепте экология бағыты бойынша үйірме бар. Үйірмеге 6- сыныптар қатысады. Үйірме уақытында балалар көптеген тақырыптармен танысып, білімдерін

кеңейтеді. «Баламалы энергия көздері», «Жасыл энергия», «Ертіс өзенінің экологиялық проблемалары» және «Арал проблемасы» бойынша тақырыптық слайд жұмыстарын орындайды. Жұмыстарды қоғау барысында балалар арасында пікірталас туындады. Мектеп оқушылары экологиялық білімдерін арқылы көптеген сайыстарда жүлделі орындарға ие болды:

-Облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясында Амангелді Ақерке 2 орын;

-Республикалық акцияларға белсенді қатысады.

Полимәдени және көркем-эстетикалық тәрбие. Мақсаты: мінез-құлықтың жалпы мәдени дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Туристік-өлкетану жұмыстарын дамыту мақсатында мектеп оқушылары туған өлкемізге саяхатқа шықты. Саяхат барысында оқушылар туған өлкеміз жөнінде көптеген мәліметтер алды. Қаламызға еңбегі сіңген, дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар туралы деректермен танысып, көптеген мағлұматтарға қанық болды. Павлодар өңірі - тарихқа бай өлке екеніне көздері жетті.

«Қазақстан балалары – күзгі интерактив!» күзгі каникул кезіндегі балалардың демалысын және бос уақытын ұйымдастыру бойынша «Қазақстан – менің Отаным» балалар суреттерінің онлайн көрмесі өтті.

Павлодар өңірінде Республика күніне орай «Тәуелсіздікке тағзым» атты облыстық ақындар айтысына мектебіміздің жас маманы Мизан Жұмали қатысып, жүлделі орынға ие болды.

Шаңырақ жобасы аясында «Бауырсақтың қандай түрлерің білесіздер?» атты мастер-класс өтті.

Family Day жобасы аясында, 5 және 9 сынып қыздары пайдалы тағам дайындауды үйренді.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Мақсаты: әр тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

2023 жылдың 7 сәуір күні М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайында «Bala business» жобасының облыстық туры өткізілді. Өз бизнес жоспарларын 5 «Ә» сынып оқушысы Сансызбай Ілияс қорғады.

«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының облыстық кезеңінде «Осындай мамандық бар» номинациясы бойынша мектебіміздің 9 - «а» сынып оқушысы Сайран Момыш алғыс хатқа ие болды.

«Жер сағаты» акциясының аясында әлемнің 180-нен астам мемлекеті электр қуаты мен жарықты тура 1 сағатқа өшірді. Ондағы мақсат қоршаған ортаны қорғау мен табиғат ресурстарын үнемдеу мәселесіне ел назарын аудару. «Жас Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі бұл шараны қолдап, жарықты 1 сағатқа сөндірді.

Мектебімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» клубы кешенді жоспарға сай өз қызметін атқарып келеді. «Адал ұрпақ» клубтары «Жас Ұлан» ББЖҰ» РҚБ мектеп комитеті жанынан «Жеті жарғы» бағыты бойынша құрылды. Мектепшілік жоспарда осы кешенді жоспарға негізделген нақтыланған күнделікті және апталық іс-шаралар жоспарланған. Ар-намыс, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік және т.б сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға ерекше назар аудару мақсатында, сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына оқушылардың адалдық және құқықтық мәдениетін арттыруға арналған сұрақтар қарастырылып қосылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша балалар мен ата-аналарға кеңестер берілуде.

Агенттік дайындаған бейнероликтерді интернет-ресурстарда, оқушылар мен ата-аналар арасындағы WhatsApp чаттарында, әлеуметтік желілерде және т.б. орналастырылып таратылуда.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында да көптеген шаралар өткізілді. Денсаулықты дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында СӨС

орталығы жұмысының қызыметі жоспар бойынша әр-түрлі айлықтар мен акциялар арқылы іске асырылатыны анықталды. Мектеп оқушылары зиянды заттардың қолдануын алдын алу, «Тұмау мен жұқпалы вирустық аурулардың алдын алу», АҚТҚ/ЖҚТБ –ның алдын алу мәселелері бойынша қалалық әр-түрлі жобаларға белсенді қатысады.

Мектеп оқушылардың 100% тамақпен қамтылған, жалпы ыстық тамақпен қамтылған оқушылар 100%. Мектеп бойынша ДБК анықтамасы негізінде дене тәрбиесінен босатылған оқушылар болғанымен, арнайы медициналық топ жоқ.

Сонымен қатар, мектепте СӨС бойынша ата-аналардың қатысуымен өткізілетін дәстүрлі «Көңілді старттар» сайысын атап өтуге болады. Биылғы оқу жылында «Отбасы айлығына», «Денсаулық фестиваліне» орай отбасылық іс-шаралар өткізілді. Әр командаға бағалы сыйлықтар беріліп, жарыстар қорытындысы бойынша мадақтамалар табысталды.

Тәрбие жұмысында салауатты өмір салтының қалыптастыру жұмыстары оқушылардың денсаулығын нығайтуда, психологиялық денсаулықты сақтау күшейтуде он жағынан танытқаны байқалды.

Мектебіміздің оқушылары Жалпы білім беру мектеп оқушылары арасындағы 52 қалалық спартакиадада тоғызқұмалақ сайысына қатысып, жүлделі орындарды жеңіп алды. Атап айтатын болсақ, 11-«Ә» сынып оқушысы Муканов Алдияр I- орын.

Қазақстан Республикасы Республика күніне арналған Ұлттық мектеп лигасы аясында 9-11 - сынып арасындағы тоғызқұмалақ бойынша жарысында мектебіміздің командасы I- орынға ие болды.

«Бізді жеңіс біріктіреді» 2023 жылы қысқы Олимпиадаға қатысатын шаңғы спортшыларын қолдау ретінде мектебіміздің оқушылары «Ертіс» шаңғы базасына барып қайтты.

Жалпы білім беру мектеп оқушыларының 52-ші қалалық спартакиада бағдарламасында «Белая ладья» атты шахмат бойынша турнирде мектебіміздің командасы I орынды иеленді.

«Жас дарын» мамандандырылған мектебінің алғашқы директоры Г.Ж.Мукашеваның құрметіне баскетболдан 8-11 сынып оқушылары арасында мектепшілік турнир өтті.

2022-2023- жылы мектебіміздің 5-7 және 9-10- сынып оқушыларына ALMAZ MEDICAC GROUP поликлиникасының профилактикалық бөлімшесінің дәрігері мен гигиенист маманы, сонымен қатар иммунолог дәрігерлері келіп дәріс оқып береді.

Мектебіміздің 5-6 сынып оқушылары Павлодар мектептерінің арасында футбол жарысынан 1-ші орынды жеңіп алып, республикалық жарысқа жолдама алды. Жарыс мақсаты- салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушылар арасында сыйластық, ұйымшылдық қарым-қатынас орнату және дене тәрбиесіне дайындықты күшейту.

Салауатты өмір салтын насихаттау барысында дене шынықтыру мұғалімдері оқушыларды Айс аренаға коньки тебуге үнемі апарып отырады.

2022-2023 жылының жылдық жоспар бойынша бекітілген іс-шаралар толықтай орындалды:

2023 жылдың 1-наурыз «Алғыс айту күніне» орай мектеп оқушылары ардагер ұстаздарды, ұстаздарды құттықтап алғыстарын білдірді, сынып сағаттары өтті. Әр маман салаларына құттықтау бейне роликтері түсірілді. Сонымен қатар, 13-наурыз күні мектебімізге «Көрісу күнін» тойлап өтуге Ы.Алтынсарин атындағы гимназия-интернаты мен №8 мектеп-лицейінің оқушыларымен ұстаздары қонақ болып кетті. Іс-шара негізінде «Бауырсақ фест» фестивалі өткізілді, келген қонақтарға домбырамен ән шашу мен мерекелік дастархан жайылды.

Жыл бойы өткізілген офлайн және онлайн форматында ұйымдастырылған семинарлар мен вебинарларға қатысып тәжірибе жиналды.

Құқықтық тәрбие жұмысының жоспары «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын- алу туралы» Заңы негізінде құрылған.

Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен оны болдырмау мақсатында жылдың басында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу жоспары құрылып іске асырылды. Оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог және ДТЖО-мен бірге қадағалауға алынады.

Құқық бағыты бойынша өткізілетін шаралар оқушылар бойында жауапкершілік, өз құқықтары мен міндеттерін білу, өздігінен дұрыс шешім қабылдай білу, әлеуметтік ортаға бейімделе білуге, балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын іске асыруға жағдай жасау, дағдыларын дамыту бағытталған.

Оқушыларға тәрбиенің ықпалы үйлестіріліп, олардың мақсатты түрде сабақтан тыс қандай да бір іспен шұғылдануы мектепте қатаң басшылыққа алынған. Ол біріншіден, сынып жетекшілерінің оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыруы бойынша жұмысы. Сынып жетекші және мектеп әкімшілігі оқушыларының сабақтан тыс қандай үйірмеге немесе қандай қосымша сабаққа қатысатынын арнайы құрастырылға кесте арқылы қадағалайды. Әр оқушыға жеке «Даму картасы» жасалды. Оқушылардың жеке – дара оқу консультациялары, қызығушылығы бойынша үйірмелерге, спорттық секцияларға қатысуы, ғылыми жобалар мен олимпиадаға дайындық уақыттары, күндері, мекен – жайы мен уақыттары толықтай жазылған. Сонымен қатар, сынып жетекші, пән мұғалімдері, оқушы және ата-ананың біріккен шешімдерімен оқушының бейімділігі бойынша даму жоспары әзірленді.

